Негізгі бөлім. 2019 жылы археологиялық зерттеулер бірқатар аудандарда жүргізілді. Олар туралы толығырақ тоқталайық. М 10 шаршыдағы бірінші құрылыс қабатында ұзынша келген нысан анықталды. Нысан оңтүстік шығыстан, солтүстік-батысқа қарай бағытталған. Көлемі 23,26x5,30x0,40 м. Қабырғалар бүтін және жарты кеш күйген қыштардан қаланған. Бүтін қыштардың көлемі 0,34x0,17x0,9 және 0,25x0,10x0,7 м. Күйген қыштарды бір біріне байланыстыру үшін арасына лай салынған. Бұл нысанды салу барысында әдеттегі жерлеу қабаты мен бұрынғы мәдени қабат жойылып кеткен. Қыштардың пішіні, көлемі мен ерекшелігі бірінші құрылыс деңгейінің Кеңес үкіметі кезеңіне жататындығын көрсетті.

Ал, екінші құрылыс қабаттан алты бөлме толық, екі бөлме жартылай аршылды. Бұлардың үшеуі өз кезеңінде діни-ғұрыптық бөлме ретінде қолданылса (ортасында таға тәрізді алтарь ошағы бар, бөлмелердің бірі шеңбер тәрізді, екеуі төртбұрышты) біреуі шаруашылық бөлме қызметін атқарған. Ал, қалған үш бөлменің қандай мақсатта қолданылғандығы белгісіз. Құрылыстарға 0,40x0,20x0,10 м көлемінде кесектер қолданылған. Бұл жердегі діни-ғұрыптық бөлмелерді Көне Сауран (Қаратөбе) және Отырардағы (Құйрықтөбе) бөлмелермен салыстыруға келеді [6, 341]. Бұл құрылыс қабатынан Түргеш кезеңіне тиесілі монета, Түртекей өрнекті қос тұтқалы көзелер (біреуі қызыл ангобты), штамп және оймыштап бедерленген көптеген саз ыдыс бөліктері т.б. заттар табылды. Е. И. Агеева және Г. И. Пачевич саз ыдыс бетін түртекейлеп өрнектеудің VIII–X ғасырлар үшін тән жағдай екендігін, сонымен бірге бұл әдістің XV ғ. дейін жалғасқандығын баяндаған [7, 184]. Осы дерекке және түргеш монетасына сүйене отырып екінші құрылыс қабатын VIII–X ғасырлармен мерзімдеуге негіз бар.

N 10 шаршыда беткі шым қабатына бірнеше адам қаңқасы анықталды. Анықталған қаңқалардың басы солтүстік

батысқа бағытталып шалқасынан жатқызылған. Бұл қаңқалардың жатқызылуы мен бағытталуына қарағанда жерлеудің мұсылманша жүзеге асырылғандығын байқауға болады.

Бірінші құрылыс қабатында адам қаңқасы анықталған деңгейден (күндізгі жер деңгейінен 1,20 м тереңдіктен) жеті бөлме аршылды. Бұлардың төртеуі діни-ғұрыптық бөлме. Ал, қалған бөлмелердің өз кезеңінде қандай қызмет атқарғаны белгісіз. Діни-ғұрыптық бөлмелердің біріндегі алтарь ошақ «мысық» пішінді болса, басқа бөлмедегі ошақтардың пішіні «таға» тәрізді болып келген. Бұл ошақтардың барлығы дерлік лайдан жасалған. Беткі жағы эпиграфиялық өрнекті, штамп және кертпештеп бедерленген саз ыдыс бөліктері мен бүтін саз ыдыстар табылды. Сонымен бірге осы қабаттан айдахар бедерлі мыс жүзік алынды.

Жоғарыда аталған бөлмелерді көлеңке сияқты қайталамаса да азды-көпті салыстыруға келетіндері Қазақстанда Отырар, Құйрықтөбе және Ескі Сауран (Қаратөбе) қалажұртынан табылса [6, 341], Түркменстанда Сасанилер дәуіріне жататын (III–VIII ғғ.) Меле-Хейран [8, 84] елді мекенінен ал, Өзбекстанда Балалық-Тепе [9, 87] елді мекенінің 12-бөлмесінен анықталған. Отырар және Құйрықтөбедегі алтарь ошақтар К. Байпаков тарапынан XII ғ. мерзімделсе, Күлтөбеден анықталған алтарь ошақтар, сол деңгейден табылған саз ыдыс бөлшектері (беткі жағында қара сырмен түсірілген эпиграфиялық өрнегі бар саз ыдыс бөлігі) негізінде алдын ала Қарахан кезеңіне, яғни XI–XII ғасырлармен мерзімделген болатын. Ғалымдардың көпшілігі негізінен алтарь ошақтарды ескі Иранның «зороастризм» дінімен байланыстырып, от жағу рәсіміне байланысты жоралғыларды атқару мақсатында қолданылғандығын тілге тиек етеді [6, 334]. Бұл діни сенім бойынша от, топырақ және су қасиетті болып табылады. Зардүштер жарыққа және күнге қарап ғибадат жасайды. Жарықты Ахура Мазда ретінде қабылдайды. Қайтыс болған кісілер зороастризм сенімі бойынша лас болып табылады. Мәйіттер топыраққа көмілмейді, суға салынбайды

және отқа өртелмейді. Өйткені бұл элементтерді бүлдіреді деген сенім болған. Сондықтан қайтыс болған кісілер «дахма» атты орынға қойылып ит-құсқа жем болады. Ет сүйектен ажырағаннан кейін сүйектері жиналып «оссуарий» атты саз ыдыс ішіне салынып жерленеді [10, 182]. Дегенмен біз қазба жүргізген Күлтөбе қалажұртынан ешқандай оссуарий табылмады. Демек бұл жағдай алтарь ошақтардың зороастризммен байланыстырылған пікірлерді қайта қарау керектігін көрсетеді. Бір қызығы түркілер және қазақ халқы ерте кезден-ақ отты кие тұтып оның тазалаушы күшіне сенген. Мұны қазақ халқының от құдайына «айпара» ал, періштесіне «алас» деуінен-ақ аңғаруға болады [11, 147]. Сонымен қоса қазақ халқында қайтыс болған үйге қырық күнге дейін шам жағып қою дәстүрі әлі күнге дейін жалғасып келеді. Осыған ұқсас деректерді Айнұр Төлеу атты оқырманның ғаламторда жарияланған мақаласынан да кездестіреміз. Ол, өз мақаласында Шоқан Уалихановты сілтеме көрсете отырып «От шаңырақтың жебеушісі, сондықтан қырғыздарда (қазақтар) келін жаңа отбасының табалдырығын аттаған кезде үлкен үйдегі отқа табынуы керек...» деген дерек келтіреді [12]. Жоғарыда келтірілген мағлұматтар отқа байланысты сенімнің тек иран халықтарында ғана емес түркі халықтарының дүниетанымында да айтарлықтай орын алғандығын және де қазақ даласында өмір сүрген халықтардың XII ғасырда да ескі сенімдерін, әдет-ғұрпын және діни жоралғыларын жалғастырғандығын көрсетеді.

Екінші құрылыс қабатын аршу жұмыстары қазба маусымы аяқтала бастауына байланысты белгіленген шаршының тек солтүстік ширегі екі метрге дейін төмен түсіріле қазылды. Бұл деңгей М10 шаршысының екінші құрылыс қабатына сәйкес келеді.

Қазба жұмысы барысында бұл бөліктің қиратылып бүлінгендігі белгілі болды. Сондықтан көңіл көншітерлік құрылыстар аршылмады. Дегенмен солтүстік қазба шекара кесіндісінің орта тұсында солтүстік батыс бөлігі бүлінген бөлме мен солтүстік және шығыс қазба шекара кесіндісінің

түйіскен тұсында ортасында таға пішінді алтарь ошағы бар бір діни-ғұрыптық бөлме анықталды. Көлемі 5,28x3 м. Бұл бөлме N11 шаршысында жатқан негізгі көшемен дәліз арқылы байланысқан.

Бұл деңгейден бірнеше тұтқа бөліктері табылды. Кейбір тұтқалардың бетіне тырнақ тәрізді кертпе өрнек түсірілсе (екі қатар, үш қатар), кейбірлеріне түртекей жабыстырылған. Сонымен бірге қазба салынған деңгейден қақпақ тұтқасы алынған болатын. Бұл қақпақ тұтқасы сүйірлене жасалып, ұстар жері төрт жарты шарды біріктіріп тұрғандай. Жарты шарлардың біріккен жерлеріне шұқыма өрнек түсірілген.

Жоғарыда аталған ерекшелікке ие саз ыдыстарды Е. И. Агеева және Г. И. Пачевич VIII–X ғасырлармен мерзімдеп қарлұқтардың саз ыдыстары ретінде қарастырған [7, 177].

M9 және N10 шаршыларда жүргізілген қазба жұмысы барысында күндізгі жер деңгейінен 0,50 м тереңдіктен 17 адам қаңқасы анықталды. Қаңқалардың бастары солтүстік-батысқа қаратылып жүздері құбылаға бұрылған. Бұлардың барлығы мұсылманша жерлеу екендігі дау тудырмайды. 0,60 м тереңдіктен бұзылған тандыр мен екі қоқыс шұқырынан басқа ауыз толтырып айтарлықтай құрылыс орны анықталмады.

Шұқырдың ішкі кеңістігін тазалау барысында көптеген сырлы-сырсыз керамика сынықтары мен тот басып шіріген темір қалдықтары алынды. Сырлы ыдыстар қатарында түбек пен үлкен орта кесені, сырсыз ыдыстар қатарында кіші құмыраны айтуға болады. Шаршының шығыс кесіндісі жанынан астық сақтайтын екі хум анықталды.

Екінші құрылыс қабатында M9 шаршысының солтүстік жартысынан бөлме, бадраб орны, ташнау және шаруашылық бөлменің жұрнақтары анықталды. Осы құрылыстардың оңтүстік-батысынан (шығыс шекара кесіндісінің орта тұсынан) ұзынша келген екі бөлме аршылды. Бұдан басқа аталмыш екі шаршы ішінен ешқандай бөлме орны табылмады. Екінші

құрылыс деңгейен аршылған құрылыстың негізгі бөлігін негізгі қамал қабырғасы құрайды.

Қамал қабырғасының анықталған ұзындығы 21,91 м, ені 4,30 м. Бұл қабырға оңтүстіктен солтүстік шығысқа, шығыстан, батысқа қарай «Г» тәрізді бағытталған.

M9 шаршысының солтүстік жартысынан кәдімгі шай ішетін кесеге ұқсас бүтін саз ыдыс табылды. Археологтар мұндай ыдысты ескі Сауран (Қаратөбе) қалажұртынан да алған. М. Туяқбаев ескі Саурандағы ыдыстардың бояу құюға арналғандығын атап өтіп XIX ғасырмен мерзімдеген [13, 85]. Осы шаршының шығыс шекара кесіндісінің орта тұсындағы бөлменің ішкі кеңістігін тазалау барысында биіктігі 1 м келетін мойны қысқа, бетіне ангоб ағызылған хум табылды. Осыған ұқсас хумдарды М. Туяқбаев VIII ғасырға жатқызған [13, 104]. Осы деректерге сүйене отырып бұл жерде шаршының солтүстік бөлігінің кейінгі кезде бұзылып орнына XIX ғасырда жаңа құрылыс салынған болу керек деген болжам жүргізуге болады.

Ал, Күлтөбе қалажұртының цитаделіндегі O10 және P10 шаршыларында жүргізілген қазба жұмыстары барысында анықталған зираттан 15 мүрде (XIII–XV ғғ), зираттың астынан бірінші құрылыс қабатына жататын солтүстік-шығыстан оңтүстікке бағытталған үлкен көше, солтүстік-батыстан оңтүстікке бағытталған тұйық көше және тұрғын үйдің 12 бөлмесі анықталды (X–XII ғғ). Солтүстік-шығыстан оңтүстікке бағытталған бұл көше кәзіргі таңда Күлтөбе қалажұртының цитаделінен анықталған басты көше болып табылуда. Себебі осы күнге дейін жүргізілген қазба жұмыстары барысында бұндай үлкен көше анықталмады. Осы көше арқылы, қала тұрғындары цитаделдің шығыс бөлігінен кіріп, орталық бөлігі арқылы оңтүстіктегі үйлерге және оңтүстік-батыста орналасқан ғибадатханаға баратын болған. Көшенің кәзіргі таңдағы анықталған ұзындығы жобамен 90 м құрауда.

Бірінші құрылыс қабатына жататын көшелер мен тұрғын үй бөлмелерін тазалау барысында алынған керамика

бөліктерін салыстырмалы талдау жасай отырып, екінші құрылыс қабаттың X–XII ғасырларға, яғни Қарахан кезеңіне жататындығы анықталды. X–XII ғасырларға жататын құрылыс қабаттан табылған саз ыдыстарға келер болсақ, бұл кезеңде саз ыдыстарды әрлеудің жаңа бағыттары мен әдіс-тәсілі пайда бола бастады. Атап айтар болсақ, сырлы табақшалар мен орта кеселерде тұтас ақ сыр үстінен қара түспен эпиграфиялық өрнек салу үрдіске айнала бастайды. Мұндай өрнектеу мәнерімен жасалған ыдыстар Қарахан кезеңінде кеңінен қолданыста болғандықтан, Күлтөбе қалажұртындағы Қарахан кезеңіне жататын құрылыс қабаттан көптеп табылып отыр. Осындай үлгіде жасалған ыдыстардың ұқсастары Отырар, Алтынтөбе, Сауран (Қаратөбе), орнынан алынған олжалар арасынан көруге болады [7, 187–196; 13, 132; 14, 12–25]. Сырсыз ыдыстар қатарында сыртқы жиегіне толқын тәріздес шымшымалы өрнектер түсірілген хумдар мен құмыралардың, көзелердің ауыз ернеуі сынықтары мен ашық-қызыл, қоңыр ангобпен тік сызықшалар түсірілген және ас мол болсын деген ниетпен сыртынан ангоб шашырата жағылған ыдыстар көптеп кездеседі. Сонымен бірге, батырма өрнектер мен түртекейлі жапсырмалары бар қақпақтар да көптеп табылуда.

Қорытындылай келе, Күлтөбе қалажұртының цитаделіндегі N11, M11 және P11 шаршыларында жүргізілген қазба жұмыстары барысында, бірінші құрылыс қабатына жататын оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа бағытталған тұрғын үйдің екі бөлмесі (XIX–XX ғғ.), бірінші құрылыс қабатының астындағы зираттан 21 мүрде (XIII–XV ғғ.), зираттың астынан екінші құрылыс қабатына жататын солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа бағытталған үлкен көше, шығыстан батысқа бағытталған тұйық көше және тұрғын үйдің 14 бөлмесі анықталды (X–XII ғғ.). Солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа бағытталған бұл көше кәзіргі таңда Күлтөбе қалажұртының цитаделінен анықталған басты көше болып табылуда. Себебі осы күнге дейін жүргізілген қазба жұмыстары барысында бұндай үлкен көше анықталмады. Осы көше арқылы, қала тұрғында-

ры цитаделдің шығыс бөлігінен кіріп, орталық бөлігі арқылы оңтүстіктегі үйлерге және оңтүстік-батыста орналасқан ғибадатханаға баратын болған. Көшенің кәзіргі таңдағы анықталған ұзындығы жобамен 90 м құрауда.

Екінші құрылыс қабатына жататын көшелер мен тұрғын үй бөлмелерін тазалау барысында алынған керамика бөліктерін салыстырмалы талдау жасай отырып, екінші құрылыс қабаттың X–XII ғасырларға, яғни Қарахан кезеңіне жататындығы анықталды. X–XII ғасырларға жататын құрылыс қабаттан табылған саз ыдыстарға келер болсақ, бұл кезеңде саз ыдыстарды әрлеудің жаңа бағыттары мен әдіс тәсілі пайда бола бастады. Атап айтар болсақ, сырлы табақшалар мен орта кеселерде тұтас ақ сыр үстінен қара түспен эпиграфиялық өрнек салу үрдіске айнала бастайды. Мұндай өрнектеу мәнерімен жасалған ыдыстар Қарахан кезеңінде кеңінен қолданыста болғандықтан, Күлтөбе қалажұртындағы Қарахан кезеңіне жататын құрылыс қабаттан көптеп табылып отыр. Осындай үлгіде жасалған ыдыстардың ұқсастары Отырар, Алтын-Төбе, Сауран (Қаратөбе), орнынан алынған олжалар арасынан көруге болады [7, 187–196; 13, 132; 14, 8–23]. Сырсыз ыдыстар қатарында сыртқы жиегіне толқын тәріздес шымшымалы өрнектер түсірілген хумдар мен құмыралардың, көзелердің ауыз ернеуі сынықтары мен ашық-қызыл, қоңыр ангобпен тік сызықшалар түсірілген және ас мол болсын деген ниетпен сыртынан ангоб шашырата жағылған ыдыстар көптеп кездеседі. Сонымен бірге, батырма өрнектер мен түртекейлі жапсырмалары бар қақпақтар да көптеп табылуда.

Қазба маусымындағы міндетіміз цитадель бөлігінен X–XII ғасырларға тиесілі құрылыстарды аршу болатын. Қазба жұмыстары күнтізбелік жоспарға сай кәсіби деңгейде заманауи технологияларды пайдалана отырып жүйелі түрде жүргізілді.

Қазба жұмысы M12, M13, N12 және N13 деп белгіленіп 20x20 м көлемінде бөлінген шаршыларға салынды. Қазба жұмысы жүргізілген шаршылар қала цитаделінің солтүстік-шығыс бөлігіне сәйкес келеді.

Қазба жұмысы жүргізілген шаршылардан негізгі төрт құрылыс қабаты, яғни, жоғарғы құрылысқа тән ХІХ ғасырдың аяғы және ХХ ғасырдың бас кезінде күйдірілген қыштан салынған орыстың әскери казармалары мен қоқан дәуірінің қам кесектен тұрғызылған тұрғын үй құрылыстары, ХІ–ХІІ және ХІХ ғ. шұқыр қалдықтары мен әр кезеңде қойылған мүрделер қабаты анықталып қазылды. Сонымен қатар, негізгі меже болып табылатын Х–ХІІ ғғ. тән құрылыс қабаты анықталып зерттелді. Қазба барысында қала орталығын мекендеген тұрғындардың материалдық мәдениеті туралы біршама толымды мәлімет алынды.

Қазба жүргізілген шаршылардан цитаделдің сыртқы және ішкі қорған-қабырғалары, ішкі бекініс арасын байланыстырып тұрған орталық көше мен осы көшеден тараған тұйық көшелер, көшелерді бойлай салынған тұрғын үй және культтік бөлмелер анықталып қазылды.

R-8 шаршысы Күлтөбе ескерткішінің оңтүстік-батыс бөлігінің шеткі жағында орналасқан. Шаршының солтүстік-шығыс бөлігі ескі қазбаға жалғасып жатыр. Аталған шаршының жер деңгейі тегіс емес батысқа қарай жер (0) деңгейі біршама еңіс болып келеді. Шығыс бөлігінің жер деңгейімен есептегенде – 0,50 м төмен. Қазбаның беткі қабатын түгелімен 10–20 см қалыңдықта қазіргі заманғы күл-қоқыс қабаты алып жатыр. Ескерткіштің үстіңгі бетіне тасталған қоқыс біртін келе тегістеліп тапталған, шамасы ескерткішті қорғауға алынған кезде қоқыс қабаты тегістелуі мүмкін.

Қазбаның беткі қазіргі қоқыс қабатынан тазаланғаннан кейін шаршының солтүстік-батыс бөлігінен бірнеше керамика күйдіруге арналған пеш орындары анықталды. Пештер солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай екі қатар бойына тізбектеле орналасқан, пештер орналасу жағдайына байланысты солтүстік-шығыстан бастап арнайы реттік нөмір берілді.

№1 пеш (1) солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан сақталуы орташа деңгейде. Керамика күйдіруге арналған пештің от жағатын бірінші камерасы дөңгелек

пішінді дм 1,40 м тереңдігі 0,60 м. қабырғасының сылағы 5 см қалыңдықта оттың әсерінен қатты күйіп шлак болып қатты күйге енген. Пештің оңтүстік бөлігі бұзылуға ұшыраған сондай-ақ пештің бірінші камерасына кірер орны осы оңтүстігінде болған. Пештің ішкі кеңістігі кірпіш және қабырғаның құланды сынықтары мен күл аралас топырақпен толған. Ішкі кеңістігін тазалау барысында табылған керамикалық материал сынықтарының ішінде беткі жағы қызыл, қара ангобпен көмкерілген ыдыс бөліктері кездеседі. Пештің оңтүстік-шығыс бөлігінен пештің астыңғы оттығының орнын тазалау барысында екіге бөлінген күміс теңге табылды. Теңге дөңгелек пішінді дм 2,3 см беткі аверс, реверс жағында нүктелі өрнектермен берілген жазулар жазылған, жазулары жартылай өшкен.

Бірінші пештің батысында 1,70 м аралықта №2 (2) пеш орналасқан. Пеш таға тәрізді негізгі бөлігі дөңгелек пішінді дм 1,20 м астыңғы оттығы солтүстік-батысқа қаратылған ұзындығы 30 см ені 0,70 м. қабырғасы оттың әсерінен қатты күйген, қалыңдығы 5 см тереңдігі 0,45 м. Пештің орта тұсында от жағуға арналған арнайы шұқыры бар дөңгелек пішінді дм 49 см тереңдігі 13 см. Ішкі бөлігі сөре тәрізді жасалған, пештің оңтүстік бөлігі бұзылған. Бірінші пешпен салыстырғанда от жағар орны ортасында орналасқан, соған қарағанда екінші пеште жасалған керамикалық бұйымдарды кептіруге арналған пеш болуы мүмкін.

Бірінші пештің оңтүстік-батысында 3,30 м аралықта үшінші (3) пеш орналасқан, пештің от жағатын камерасы доғал пішінді дм 1 м, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа созылыңқы ұзындығы 1,30 м. Тереңдігі 0,40 м деңгейде сақталған, қабырғасының сылағы қатты оттың әсерінен шлак болып қатып, күлгін түске енген. Еден деңгейі де оттың әсерінен шлак боп қатты күйге енген, ішкі кеңістігі сынған кірпіш сынықтарымен толған.

Үшінші пешке іргелес 0,60 м аралықтан оңтүстік-батысында төртінші (4) пеш орны аршылды. Пеш дөңгелек пішінді дм 1,20 м тереңдігі 30 см деңгейде сақталған, қабыр-

ға сылағы оттың әсерінен қатты күйге еніп 5 см қалыңдықта шлактанып қалған.

Төртінші пештің солтүстік-батысында 0,80 м аралықта бесінші (5) пеш орналасқан. Пештің пішіні таға тәрізді дм 1,30–1,50 м, сақталуы орташа деңгейде, тереңдігі 0,50 м астыңғы оттығы оңтүстік-батысына шығарылған ені 0,70 м. пештің қабырғасына көлемі 40x20x5 см қам кесекті тігінен қалаған және беткі жағы сыланған. Қабырғаға қалаған кесектер оттың әсерінен қатты күйіп көкшіл түске енген. Пештің солтүстік-батыс бөлігінің және еден деңгейінің сылағы сақталған, оттың әсерінен көкшіл түске енген.

Төртінші пештің оңтүстік-батысында пеш орны болған, қатты бұзылу себебінен пештің от іздері ғана байқалады, пештің нақты көлемі анықталмады. Аршылған керамикалық пештер тізбегінің шеткі оңтүстік-батыс бөлігінде алтыншы (6) пеш орны жартылай аршылды. Пеш дөңгелек пішінді дм 0,90 м қабырғасы 20 см биіктікте сақталған, солтүстік-батыс бөлігі толықтай бұзылған. Бұл пештің қабырғасы қам кесекпен тігінен қаланып беткі жағы сыланған. Еден сылағы қабырға кесектері оттың әсерінен қатты күйіп күлгін түске енген.

Қазбаның беткі топырақ қабатын тазалау барысында бірнеше жерлеу орындары аршылды. Бірінші (7) жерлеу орны солтүстік қазба шекарасының іргесінен жер бетіндегі кеңістікпен есептегенде 0,50 м тереңдіктен анықталды. Аршылған адам қаңқасы басымен солтүстік-батысқа бағыттала арқасымен жатқызылған, ұзындығы 1,65 м. жүзі батысқа қаратылған екі қолы кіндік тұсында айқастырған.

Екінші жерлеу (8) орны анықталған төртінші керамика күйдіретін пештің оңтүстік-шығысынан 1,10 м аралықтан жер бетіндегі кеңістікпен есептегенде 0,30 м тереңдіктен аршылды. Адам қаңқасының бас сүйегі жоқ (жоғарғы қабаттағы қоқыс орнын тегістеу барысында жоғалған болуы мүмкін). Қаңқа бір қырымен оң жағына қисайта жатқызылған басы солтүстік-батысқа қаратылған. Аяғы тізесінен иіле батысқа қисайта қойылған, сол қолы кіндік тұсына оң қолы астына бастыра қойылған.

Қазбаның шығысынан анықталған бадраб шұқырын қазу барысында үшінші жерлеу (9) орны анықталды. Адам қаңқасы жер бетіндегі кеңістікпен есептегенде 1 м тереңдіктен аршылды. Қаңқа басымен солтүстік-батысқа бағытталып арқасымен жатқызылған ұзындығы 1,70 м. Жүзі жоғары қаратылған басы жоғары көтеріңкі, екі қолы кіндік тұсында айқастырылған. Қаңқаның мойын тұсын тазалау барысында әшекей зат ретінде пайдаланылған теңіз (ракушка) жәндігінің қауашағы табылды. Әшекей зат жартылай сынған өңделген ұзынша келген пішіні конус тәрізді, үстіңгі жағында арнайы ойықша тесігі бар жіп өткізуге арналған.

R-10 шаршысының солтүстік-батыс бұрышынан анықталған бөлменің негізгі бөлігін анықтау мақсатында R-8 шаршысының солтүстік-шығыс бұрышында тазалау жұмыстары кезінде, қазбаның шығыс шекарасынан 1,50 м аралықтан бадраб (10) шұқыры анықталды. Бадраб бөлменің солтүстік-батыс бұрышынан қазылған, бөлменің батыс бөлігі анықталмады. Бадраб шұқыры дөңгелек пішінді дм 1,05 м тереңдігі 2,05 м, шұқыр қабырғасы төменге қарай кеңейе түседі. Ішкі кеңістігі жасыл түсті топырақпен толған, шұқырды қазу барысында көптеген керамикалық материалдар табылды.

Майшамдар; бадраб шұқырын қазу барысында табылған екі майшамның пішімдері бірдей. Бірінші майшамның тұмсығы сынған, негізгі бөлігі дөңгелек пішінді, тұтқасы ілмек тәрізді. Беткі жағы ақ түсті сырмен көмкеріліп, оның беткі жағына қара түсті бояумен нүктелі өрнектер түсірілген. Екінші майшамның тұтқасы сақталмаған беткі жағына біртүсті жасыл сырмен көмкерілген.

Қақпақтар; табылған бірнеше қақпақтар қолмен пішінге келтірілген, қақпақ тұтқасы дөңгелек пішінді шеткі жиектері қырлы болып келеді. Қақпақтардың беткі жағына тереңдетіле ромбик және үшбұрыш тәрізді геометриялық өрнектер салынған.

Кіші құмыралар; кіші археологиялық құмыралардың ішінде тұтқасыз бүйірі шар тәрізді, үстіңгі ернеуі сыртқа иіліңкі, мойын

бөлігінде көлденең бағытта ирек толқынды және шеңберлі сызықтар түсірілген. Екінші кең өңешті құмыра үстіңгі ернеуі сақталмаған, мойын және иық бөлігінде көлденең бағытта шеңберлі сызықтар түсірілген. Бүйірі сыртқа шығыңқы, иық бөлігінде сынған тұтқа бөлігінің орны бар. Табаны біртегіс биік болып келеді.

Тостағандар; тостағанның екі түрі кездеседі, бірінші түрі жайпақ келеді, табаны біртегіс, ернеуі тік келеді. Екінші түрі шұңғыл келеді, табаны біртегіс дөңгелек пішінді, бүйірі сыртқа шығыңқы, ернеуі тік келеді.

Шұқырды тазалау барысында бүтін түбек табылды, түбек пішіні цилиндр тәрізді үстіңгі ернеуі сыртқа иіліңкі, табаны біртегіс. Сыртқы бөлігінің беткі жағы қызыл түсті ангобпен көмкерілген.

Тұғырлар; асхана құралына жататын қазанша тұғырларының бөліктері қалың қабырғалы, беткі жағына тереңдетіле салынған және нүктелі өрнектермен безендірген. Сыртқа қарай шығыңқы құлақша тәрізді тұтқалары сақталған.

Табылған керамикалық материалдардың ішінде ұста құралы құмыра күйдіру кезінде пайдаланылатын сипая бар, пішіні үш тармақты болып келеді, беткі жағына саусақпен бастыра өрнектер түсірілген.

Бадраб шұқырын тазалау барысында бірнеше дана шыны пастасынан жасалған моншақтар табылды. Пішіндері әртүрлі бірінші моншақ дөңгелек пішінді қызыл түсті, ортасында арнайы жіп өткізуге арналған арнайы тесігі бар. Қарат түсті шыны пастасынан жасалған моншақ бөлігінің беткі жағына ақ түспен нүктелі күн бейнесінде өрнек салынған. Ақ түсті моншақтың пішіні ұзынша келген конус тәрізді және алты қырлы қызыл түсті моншақ бөлігі кездеседі.

Қазбаның батыс бөлігінен аршылған керамика күйдіруге арналған пештер тізбегінің оңтүстік-батысынан тұрғын үй (11) орны анықталды. Тұрғын үй кіші үш бөлмеден тұрады, сақталуы нашар, көлемі 4,10x2,30 м үйдің солтүстік-шығыс қабырғасы сақталмаған, қаланды қам кесек сұлбасы нашар байқалады. Оңтүстік-шығыс

қабырғасының сақталуы орташа деңгейде, солтүстік-батыс (15-сурет) бетінің қабырға сылағы сақталған, қабырғаның биіктігі 20–40 см деңгейде, ені 0,60 м. оңтүстік-батыс қабырғасы солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағытталған ұзындығы 2,30 м ені 40 см биіктігі 20 см беткі сылақтары сақталған. Солтүстік-батыс қабырғасының екінші бөлмеге қатысты бөлігі жартылай сақталған, бірінші бөлмеге қатысты бөлігі толығымен бұзылған.

Тұрғын үйдің орта тұсы қалқа қабырғамен екіге бөлінген қалқа қабырғаның сақталуы өте нашар. Бірінші (12) бөлмесі жоспарда төртбұрышты көлемі шамамен 2,30x2,40 м. Бөлмеге кірер есік шығыс бұрышында болған, қабырға орнының қатты бұзылуына байланысты нақты есік көлемі анықталмады. Бірінші бөлме негізінен санитарлық бөлме қызметін атқарған, еденіне сынған қам кесек сынықтары төселген, бірінші бөлменің солтүстік-батыс қабырғасы толығымен бұзылған.

Бірінші бөлменің оңтүстік-батысында екінші (13) бөлме параллель орналасқан жоспарда төртбұрышты көлемі 2,30x1,40 м. Бөлмеге кірер есік орны оңтүстік-батыс бұрышында болған, еден деңгейінің сылағы сақталған. Солтүстік-батыс қабырғасының сақталыну деңгейі салынған, нақты ені анықталмады, алтыншы керамикалық пеш осы қабырғаның үстіне салынған. Бөлменің солтүстік бұрышында қабырға бойына еңдей ошақ орналасқан, көлемі нақтыланбады, бөлме негізінен шаруашылық қызмет атқарған.

Тұрғын үй иелігінің үшінші бөлмесі бөлмелер тізбегінің оңтүстік-батысында болған. Қатты бұзылу салдарынан бөлменің толық көлемі анықталмады, шаруашылыққа арналған бөлменің оңтүстік-шығыс қабырғасының сұлбасы нашар байқалады. Бөлменің оңтүстік-шығыс қабырғасына іргелес тандыр (14) ошақ орны анықталды. Тандыр ошақ дөңгелек пішінді 40 см тереңдігі 30 см қабырғасы 1 см қалыңдықта сыланған. Астыңғы оттығы болмаған және түтін шығар үстіңгі кені анықталмады, шамасы ошақ тек бөлмені жылытуға арналған болуы керек.

Бірінші тұрғын үйдің бірінші бөлмесінің орта тұсына таман бадраб (15) санитарлық шұқыры орналасқан. Бадраб дөңгелек пішінді дм 1 м тереңдігі 2,70 м қабырғасы қам кесекпен өрілген, қатты дымқылданудың әсерінен қаланды кесектерінің сақталуы нашар. Шұқырдың ішкі кеңістігі қоңырқай жасыл түсті топырақпен толған, қазу барысында көптеген керамикалық материалдар табылды.

Шұқырдан табылған майшамның беткі жағы қоңыр түсті бояумен көмкерілген, тұтқасы ілмек тәрізді, тұтқаның үстіңгі бөлігі жалпақ жапырақ пішінді болып келеді. Табылған жәдігерлердің ішінде арнайы сұйықтар сақтауға арналған сфероконус сынығы кездеседі. Сфероконустың негізгі бөлігі цилиндр тәрізді иығына тік ішке иіліп мойынға жалғасқан, үстіңгі ернеуі сыртқа шығыңқы болып келеді. Сыртқы бүйірінің беткі жағына жапырақ тәрізді және шеңберлі өрнектер тереңдете бастырылып салынған. Қақпақ сынықтары қолмен пішінге келтірілген, беткі жағына жапырақша тәрізді тереңдете өрнек салынған. Сондай-ақ қақпақтың беткі жағына күрделі болып келетін өсімдік тәрізді және түрлі геометриялық фигуралармен безендірген сынық бөлігі бар.

Екінші бадраб шұқырын қазу барысында сырлы керамикалық материалдар табылмады.

Бірінші тұрғын үйдің солтүстік-шығыс қабырғасына іргелес солтүстік-шығыс бөлігінен үшінші бадраб (16) шұқыры анықталып қазылды. Шұқыр дөңгелек пішінді дм 1,20 м тереңдігі 1,70 м, ішкі кеңістігі көкшіл түсті топырақпен толған. Ішкі кеңістігін қазу барысында көптеген керамикалық материалдар табылды.

Сырлы кеселер; табылған сырлы кеселер бірнеше сынған бөліктерден тұрады. Кеселердің ішкі бөліктері біртүсті ақ сырмен көмкеріліп, оның беткі жағына қара түсті араб графикасымен өрнектер түсірілген. Бір кесе сынығының үстіңгі ернеуге жиектете көлденең бағытта ирек толқынды шеңберлі сызықшалар қара түсті бояумен түсіріліп, сызықшалардың астына араб графикасы тәрізді өрнектермен безендірген.

Сырлы табақша бөліктерінің ішкі бетіне ақ түсті сырмен көмкеріліп табан бөлігіне қара, қызыл түсті бояумен ақ түстік үстіне өрнектер салынған.

Бірнеше сынған табақшаның ішкі беті ақ түсті сырмен көмкеріліп үстіңгі ернеуіне жиектете араб графикасымен өрнектер түсірілген.

Тұтқалы ыдыс бірнеше сынған бөліктерден қайта құралды, табаны біртегіс, бүйірі сыртқа шығыңқы келіп орта тұсынан тік жоғары көтерілген. Бүйірінде үстіңгі ернеуге жалғасқан ілмек тәрізді тұтқасы сақталған, тұтқаның үстіңгі бөлігі жапырақ тәрізді жасалған. Ыдыстың сыртқы, ішкі бөліктері ақ сырмен көмкерілген, сыртқы бөлігінде үстіңгі ернеуді жиектете қара түсті бояумен куфи жазуымен өрнектер салынған.

Шұқырдан табылған дастархан бөлігінің үстіңгі ернеуі ішке иіліңкі, ернеудің үстіңгі жағына және ішкі бөліктеріне жапсырмалы күмбез тәрізді түртекейлермен безендірген. Сырсыз кіші құмыралар пішіні бірінші бадраб шұқырынан табылған кіші құмыраларға ұқсас болып келеді. Осы шұқырдың солтүстік-батысында кіші бөлме орны болған, көлемі шамамен 1,50x1 м еден сылағы жартылай сақталған. Бөлменің солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс қабырғаларының сұлбасы байқалады, бөлменің солтүстік-шығыс бөлігі жерлеу орнын қазу барысында бұзылуға ұшыраған.

Шаршының солтүстік бұрышынан анықталған екінші бадраб шұқырының солтүстігінен 1,80 м аралықтан қоқыс шұқырлары орналасқан. Бірінші қоқыс (17) шұқыры үлкен дөңгелек пішінді дм 1,35 м тереңдігі 1 м, ішкі кеңістігі сынған кірпіш сынықтары мен күл аралас топырақпен толған. Шамасы бұл шұқыр керамика күйдіруге арналған пештерден шыққан қоқыс тастауға арналған болуы мүмкін. Осы шұқырдың солтүстік-батыс іргесінен екінші қоқыс шұқыры орналасқан, шұқыр дөңгелек пішінді дм 1,30 м тереңдігі 20 см. Бұл қоқыс шұқыры жоғарғы құрылыс қабатына тиесілі болған, ескерткіштің жоғарғы бетіндегі тегістеу жұмыстары барысында бұзылған.

Бірінші тұрғын үйдің оңтүстік бұрышынан тұрғын үйдің оңтүстік-батыс қабырғасының оңтүстік-батыс бетін тазалау барысында төртінші (18) жерлеу орны анықталды. Адам қаңқасы күндізгі кеңістікпен есептегенде 0,40 м тереңдіктен аршылды. Қаңқа басымен солтүстік-батысқа бағытталған арқасымен жатқызылған, ұзындығы 1,40 м жүзі жоғары қаратылған, сол қолы кіндік тұсына оң қолы жанына тікесінен қойылған. Төртінші жерлеу орнының оңтүстігінен 4,30 м аралықтан бесінші (19) жерлеу орны аршылды. Адам қаңқасы басымен солтүстік-батысқа бағытталған арқасымен жатқызылған ұзындығы 1,70 м жүзі батысқа қаратылған сол қолы кіндік тұсына, оң қолы жанына қойылған. Сол иығы жоғары көтеріңкі белден төменгі жағы оңтүстікке иіле қойылған. Қазбаның орта тұсынан қазбаны екіге бөліп тұрған көше (20) орны анықталды. Көше солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа бағытталған, анықталған бөлігінің ұзындығы 18 м ені 1,80 м. Оңтүстік-батысқа созылған жол қазбаның батыс бөлігін жартылай шеңбер жасай оңтүстік-шығысқа қарай бұрылған ұзындығы 6,20 м. Көшенің табан деңгейіне күл аралас топырақ төселініп тапталған, анықталынған бірінші тұрғын үй осы жолдың солтүстік бөлігінде орналасқан. Көшенің оңтүстік бөлігінен бір жанұяға тиесілі тұрғын үй (21) иелігі орналасқан, сақталуы нашар үй иелігі бірнеше бөлмелерден тұрады. Бөлмелер бір түзу бойына солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай қатар орналасқан. Тұрғын үйдің жалпы көлемі 18x6 м, тек бір бөлмесінің ғана сақталуы орташа деңгейде.

Екінші тұрғын үйдің бірінші (22) бөлмесі иеліктің шығысынан анықталды. Сақталуы өте нашар, жоспарда төртбұрышты бұрыштарымен дүниенің төрт тарабына бағытталған, көлемі шамамен 6x4,20 м. Солтүстік-шығыс оңтүстік-батыс қабырғаларының тек қабырға негізінің сұлбасы нашар байқалады, солтүстік-батыс қабырғасы толығымен бұзылған,

Бірінші бөлменің шығыс бұрышында бірнеше тандыр ошақтар орналасқан. Бірінші (23) тандыр ошақтың сақталуы өте нашар және жартылай шығыс қазба ше-

карасының кесіндісіне еңдей кіріп жатыр. Тандыр ошақ дөңгелек пішінді дм 0,60 м қабырғасы 5 см деңгейде сақталған, ошақтың батыс бөлігі толықтай бұзылған. Еден деңгейінің сылағы сақталған, оттың әсерінен қатты күйген.

Бірінші тандыр ошақтың оңтүстігінде 40 см аралықта екінші жер (24) ошақ орны аршылды. Ошақ дөңгелек пішінді дм 0,60 м тереңдігі 20 см, сақталуы нашар жартылай шығыс қазба кесіндісіне еңдей кіріп жатыр. Ішкі кеңістігі күлмен толған қабырғасы оттың әсерінен қызыл түске енген.

Екінші жер ошақтың оңтүстік-батысында 25 см аралықта бірінші бөлменің оңтүстік-шығыс қабырғасына еңдей орналастырған үшінші (25) тандыр ошақ анықталды. Тандыр ошақ дөңгелек пішінді дм 0,50 м тереңдігі 30 см, қабырға сылағы жартылай сақталған қалыңдығы 1 см. Еден деңгейі сыланған, солтүстік-батыс бөлігінің қабырға сылақтары сақталмаған. Үшінші тандыр ошақ және жер ошақ бір уақытта функционалды қызмет атқарған. Бұл екі ошақ өз қызметін тоқтатқанда бірінші тандыр ошақ салынған.

Екінші үй иелігінің екінші (26) бөлмесі жоспарда төртбұрышты көлемі 4x4,50 м. Қабырғаларының сақталуы орташа деңгейде ішкі кеңістігіндегі архитектуралық құрылымдары сақталмаған.

Екінші тұрғын үйдің негізгі солтүстік-батыс (27) қабырғасы солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа бағыттала орналасқан. Қабырғаның солтүстік-шығыс бөлігі бірінші бөлмеге қатысты бөлігі толығымен бұзылған, екінші бөлмеге қатысты бөлігінің сақталуы жақсы. Негізгі қабырғаның екінші бөлмеге қатысты бөлігінің ұзындығы 6 м ені 1 м биіктігі 30 см.

Солтүстік-шығыс (28) қабырғасының сақталуы орташа деңгейде, қабырға солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағытталған, ұзындығы 4,50 м ені 0,80 м биіктігі 30 см. Қабырға бірінші бөлмеге де ортақ қабырға болып есептеледі, оңтүстік-батыс бетінің сақталуы жақсы, солтүстік-шығыс беті бадраб шұқырын қазу барысында жартылай бұзылуға ұшыраған.

Екінші бөлменің оңтүстік-шығыс (29) қабырғасы солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа бағытталған ұзындығы 3,90 м ені 0,70 м биіктігі 10 см деңгейде сақталған. Қабырғаның оңтүстік-батыс бөлігі сақталмаған, қабырғаның қаланды кесектерінің сұлбасы ғана байқалады.

Бөлменің оңтүстік-батыс қабырғасының негізгі бөлігі сақталмаған, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағытталған қабырғаның солтүстік-батыс бөлігі ұзындығы 1,30 м ені 0,50 м биіктігі 20 см көлемде сақталған.

Екінші бөлменің солтүстік-шығыс қабырғасын аршып тазалап анықтау барысында бадраб (30) шұқыры анықталды. Шұқыр қабырғаның солтүстік-шығыс бөлігін жартылай бұзып өткен. Бадраб дөңгелек пішінді дм 1,10 м тереңдігі 2 м, ішкі кеңістігі жасыл түсті топырақпен толған. Тазалау барысында көптеген керамикалық материалдар табылды.

Екінші тұрғын үйдің екінші бөлмесінің солтүстік-шығыс қабырғасын бұзып өткен бадраб шұқырын қазу барысында, шұқырдың оңтүстік-шығысынан 0,50 м тереңдіктен жерлеу (31) орны анықталды. Жерлеу орнындағы қаңқа сүйек басымен солтүстік-батысқа бағыттала арқасымен жатқызылған ұзындығы 1,70 м. Екі қолы екі жанына қойылып жүзі жоғары қаратылған.

Екінші бөлменің батыс бұрышынан қабырғаны кесе қазылған жетінші (32) жерлеу орны анықталды. Адамның қаңқа сүйегі жердің беткі кеңістігімен есептегенде 0,60 м тереңдіктен аршылды. Қаңқа сүйек басымен солтүстік-батысқа бағыттала арқасымен жатқызылған, жүзі батысқа қаратылған. Оң қолы кіндік тұсына сол қолы жанына қойылған, жерлеу орнының жалпы ұзындығы 1,70 м.

Шаршының оңтүстік-батыс бөлігін қазу барысында ешқандай құрылыс орындары анықталмады, қазбаның беткі мәдени қабатына әртүрлі факторлардың әсерінен бұзылуға ұшырағандықтан.

Жалпы алғанда R-8 шаршысын қазу барысында үш құрылыс қабаты анықталды.

Бірінші құрылыс қабатына жерлеу орындары кіреді, Күлтөбе ескерткішін уақыт өте келе өзінің функционалды қызметін тоқтатқан соң үстіңгі беті XVIII–XVIII ғғ. зират орнына айналдырған. Қазба барысында жеті жерлеу орындары толығымен аршылды, адам қаңқалары басымен солтүстік-батысқа бағыттала арқасымен жатқызылған. Кейбір жерлеу орындарында адам қаңқасының қолдары кіндік тұсына қойылса, кейбірінің екі қолы жандарына қойылған, жүздері жоғары немесе батысқа қаратылған. Үстіңгі қазіргі заманғы қоқыс орындарын тазалау барысында көптеген жерлеу орындары бұзылып кеткен.

Екінші құрылыс қабатына қатысты құрылыс орындары негізінен қазбаның солтүстік-батыс бөлігінен анықталды. Негізгі құрылыс орындарына бір тізбек бойына екі қатарға орналасқан керамика күйдіруге арналған пештердің бірінше от жағатын камерасынан тұрады. Пештер дөңгелек пішінді дм 0,90–1,50 м аралығында, қабырғасының биіктігі 0,50–0,80 м деңгейде сақталынған. Пештердің қабырғасына көлемі 40x20x5 см қам кесекпен тігінен қалап беткі жағы 5 см қалыңдықта қаланған. Қатты оттың әсерінен қабырға сылақтары шорланып, жасыл түске боялып, қатты күйге енген. Пештерді қазу барысында табылған керамикалық материалдар негізінен құмыралардың бүйір сынықтарынан тұрады. Құмыра сынықтарының беткі жағына қызыл, қоңыр түсті ангоб ағындысымен шашыратқы түрінде көмкерілген. Сондай-ақ сыртқы және ішкі беттері қызыл түсті ангобпен көмкерілген тағара бөліктері табылған керамикалық материалдардың ішінде бар. Екінші құрылыс қабатына қатысты қоқыс шұқырлары анықталды. Бірінші шұқыр үлкен дөңгелек пішінді, екіншісі кіші, бірінші қоқыс шұқырын қазу барысында табылған керамикалық материалдар негізінен құмыралардың табан бүйір сынықтарынан тұрады, сырлы керамика бөліктері табылмады. Пештерді және шұқырдан табылған материалдар негізіне сүйеніп бұл құрылыс орындарын XIII–XIV ғғ. кезеңдеріне сәйкес келеді.

Үшінші құрылыс қабына қатысты құрылыс орындары қазбаның оңтүстік бөлігінен анықталды. Құрылыс орындары қазбаны екіге бөліп тұрған С-Ш О-Б қарай бағытталған көшенің екі қапталына орналасқан. Анықталған көше қазбаның батыс шекарасынан иін жасай О-Ш қарай бұрылған, көшенің жалпы ұзындығы 24 м ені 1,80 м. Үшінші құрылыс қабатына қатысты екі тұрғын үй иелігі анықталды, бірінші тұрғын үй иелігі көшенің солтүстік қапталында орналасқан, үш бөлмеден тұрғын екі шаруашылық және санитарлық бөлмеден тұрады. Тұрғын үйдің сақталуы өте нашар, қабырғаларының тек қаланды кесек сұлбалары ғана айқын байқалады, үшінші бөлменің көлемі анықталмады. Екінші тұрғын үй иелігі жолдың оңтүстігінде орналасқан екі бөлмеден тұрған, бірінші бөлменің қабырғалары толығымен бұзылған. С-Ш О-Ш қабырғаларының сұлбасы нашар байқалады, бөлменің шығыс бұрышында тандыр ошақ орындары орналасқан, сақталу деңгейі нашар. Екінші бөлменің сақталуы орташа деңгейде тұрғылыққа арналған. Керамикалық материалдар негізінен санитарлық бадраб шұқырларынан табылды, олар негізінен қақпақ бөліктері сыртқы бетіне ромбик тәрізді геометриялық фигуралар салынған. Майшамдар жасыл, қоңыр түсті сырмен көмкерілген, сырлы ыдыстар ішкі бөлігі бір түсті ақ түсті сырмен көмкеріліп, қара түсті бояумен араб графикасымен өрнектер салынған. Араб графикасымен керамикалық ыдыстарды өрнектеу қарахан дәуірінде кең тараған, осы материалдарға сүйеніп үшінші құрылыс қабаты XII–XIII ғғ. кезеңіне қатысты деуге негіз бар.

А-14 шаршысы А-15 шаршысының батысында орналасқан беткі жер деңгейіне 1 м қалыңдықта қоқыс қабаты алып жатыр. Сол себептен беткі қоқыс қабаты арнайы техниканың көмегімен алынып тасталды. Бұл жерге тасталған қоқыс қабаты уақыт өте тығыздалып жер қатпары қатты күйге енген. Мәдени қабатын қазу барысында құрылыс орындарының қатты бұзылғандығы нақтыланды.

А-15 шаршысынан анықталған қазба барысында үлкен көше орнының

жалғасы А-14 шаршысының оңтүстігінен анықталды. Үлкен көше солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағытталған. Құрылыс орындары үлкен көшенің солтүстігінде жолға қапталдаса орналасқан, қазба барысында үш үй иелігіне қатысты тұрғын үй орамдарының қирандылары аршылды. Тұрғын үйлердің сақталынуы өте нашар, кей бөлмелердің қабырғалары толығымен бұзылған, тек күйдірілген кірпіштермен қаланған қабырға іргетасы ғана сақталған. Бөлме орнының ішкі бөліктерінен аршылған ошақтардың еден деңгейлері байқалады. Тұрғын үй орамдарының бұзылуына басты себеп Қ. А. Ясауи кесенесінің айналасында өткен ғасырдың орта тұсында жүргізілген құрылыс жұмыстарының әсері болуы мүмкін. Қазба барысында бірнеше дана сырсыз керамикалық материалдар табылды, сыртқы беттерінде ешқандай өрнектер салынбағын, тұрғын үйлердің қабырға іргетасына пайдаланылған кірпіштер патша заманында өндірілгендіктен А-14 шаршысының орнынан аршылған құрылыс қирандылары XIX ғ. екінші ширегіне қатысты деуге негіз бар.

А-15 және В-15 шаршысы ескерткіш аумағындағы ең биік дөңес жер болып есептеледі, дөңестің беткі жағы біртегіс емес, солтүстікке және оңтүстікке қарай еңіс болып келеді. Дөңестің биіктігі 2–3 м А-15 шаршысының солтүстігінен асфальт жол төселген шығыстан батысқа қарай бағытталған. Шаршының шығысында орналасқан А-16 шаршысын қазу барысында бұл жерге 3 м қалыңдықта қоқыс тасталғаны анықталған болатын. Сондықтан А-15 В-15 шаршысының беткі қоқыс қабаты арнайы техниканың көмегімен алынып тасталды.

А-15 В-15 шаршыларының беткі қоқыс қабаты арнайы техниканың көмегімен алынған соң мәдени қабатына қатысты топырақ қабаты қазылды. Мәдени қабатының топырақ қабаты өте тығыз (1) тапталған (шамасы қоқыс қабатын тастау барысында тапталған). Тазалау барысында мәдени қабатына қатысты құрылыс орындары қатты бұзылуға ұшырағандығы анықталды. А-15 шаршысы кесенеге

жақын орналасқандықтан 80-жылдары кесене маңында жүргізілген абаттандыру барысында құрылыс орындары бұзылған. Қазба барысында мәдени қабатына қатысты құрылыс орындарының қалдықтары қабырға негіздерді анықталды.

Негізгі табылған керамикалық және нумизматикалық материалдар қоқыс қабаты алынғаннан кейін мәдени қабаттың бірінші топырақ қабатын қазу барысында табылды. Керамикалық материалдар негізінен шарықта жасалған сырсыз керамикалар көптеп кездеседі. Сырлы керамикалар негізінен тостаған бөліктерінен тұрады, табандары дөңгелек пішінді сақина тәрізді, ішкі беті біртүсті жасыл немесе сары, көк түсті бояулармен көмкерілген XVI–XVII ғғ. тән материалдар жатады. Сондай-ақ сырсыз керамикалардың ішінде жиектері толқынды ирек сызықты немесе көлденең бағытта жүргізілген тұзу сызықтар түсірілген XIV–XV ғғ. тән ыдыс сынықтары, қолмен жапсыра пішінге келтірілген қақпақ т.б. заттар да бар. XVII–XVIII ғғ. тән керамикалық материалдардың ішкі бөлігі бір түсті сары бояумен көмкеріліп сыртқы бетіне түрлі нақышта берілген өсімдік тәрізді өрнектермен өрнектелген тостағандар да кездеседі.

Табылған нумизматикалық материалдар негізінен мыстан жасалған сақталуы жақсы, 1932 ж айналымға енген кеңес заманының 3 номиналды тиыны мен патша заманының тиындары да бар. 1913 ж айналымға енген тиынның бір бетінде патша тәжі мен өсімдік тәрізді өрнек бедерленсе, екінші бетіне шыққан жылы мен $\frac{1}{2}$ тиын номиналы көрсетілген. 1870 ж шығарылған тиынның бір бетінде екі басты құс бейнелі патша гербі бейнеленсе, екінші бетіне айналымға енгізген жылы мен 2 тиын номиналды жазуы жазылған.

Қазба жұмысы Қожа Ахмет Ясауи кесене аумағында орналасқан шығыс моншаның оңтүстік-шығыс жағынан 40 м, «Мүсәллә» қақпасынан 80 м қашықтықта 1992–1993 жылдары археолог Л. Б. Ерзакович салған ескі қазба орнына 40х20 м көлемде екі А16 және В16 шаршыларға бөліп қазба салынды. Белгіленген әр шаршы 20х20 м көлемде. Қазба салынатын

орын жайдақ төбе пішініндегі үйіндіге айналған, үстіңгі жағы тегіс емес ойлы-қырлы, шығыс жағы сай түрінде еңіс болып келеді. Төбенің үсті мен жан-жағының әр жерде үйінді болып қалған қоқыстарға толы, бұл қоқыстар арнайы көліктермен әр жерлерге төгілген. Салынған қазбаның жандары дүниенің төрт тараптарына бағытталған. Алғашқы жұмыс қазба орнының жоғарғы қабаты шөп-шалаң және қоқыс аралас бос топырақтан тазартылды. Тазалау барысында шығарылған топырақ арасынан XVIII–XIX ғасырларға тән сырлы және сырсыз керамика бөліктері мен мал сүйектері алынды.

А16-В16 шаршыларына қазба жұмысы жүргізілді, қазба барысында А16 мен В16 шаршыларының батыс шекара кесіндісінің топырақ қабаттары сипатталды. А16 шаршы кесіндісі толық, және В16 шаршысы жартысына дейін сипатталды. Екі шаршыдан жалпы 24,5 м, тереңдігі 2,55 м өлшемде сипатталды. Кесінді төмен қарай 1,6 м төмен түсірілді. Қазба салынған төбенің үстіңгі жағы ойлы-қырлы болғандықтан кей тұстарының өлшемдері әртүрлі болды. Кесіндінің 2,55 м тереңдікке дейін еш мәдени қабаттар байқалмайды, топырақ қабаттары әртүрлі түсте, бір жерлерде үйіліп қалған жарамсыз қоқыстар, Қ. А. Ясауи кесенесінің қабырғасына қаланған көлемі 25х24х5 м кірпіш бөліктері мен сырлы өрнек салынған қаптама қыштары кесіндіні тазалау барысында табылды. Қазба салынған А16-В16 шаршыларының топырақ қабаттары 1970 жылдары арнайы техникамен сүріп үйілгендігін аңғаруға болады. Себебі топырақ қабаттары тығыз емес, іртіктелген бос топырақ қабаттары болды.

Жоғарыда сипатталып отырған А16-В16 шаршыларының батыс шекара кесінділерінен төмендегіше топырақ қабаттары анықталды, қабаттар жоғарыдан төмен қарай сипатталды;

- 0–0,1 м шөптің тамыр қабаты;
- 0,1–0,7 м іртік қоңырқай топырақ қабаты;
- 0,7–1,05 м күл аралас ашық түсті іртік топырақ қабаты;
- 1,05–1,39 м көкшіл түсті күл аралас топырақ қабаты;
- 1,39–2,55 м сұр түсті қатты тапталған топырақ қабаты;

С-16 шаршысы ескерткіштің осы аумақтағы ең биік дөңес жер болып есептелінеді, дөңестің беткі жағы біртегіс емес, солтүстікке және оңтүстікке қарай еңіс болып келеді. Дөңестің ең биік жері 3 метрге дейін жетеді. С-15 шаршысының солтүстігінен асфальт жол төселген шығыстан батысқа қарай бағытталған. Шаршының шығысында орналасқан А-16, В-16 шаршыларын қазу барысында бұл жерге 3 м қалыңдықта қоқыс тасталғаны анықталған болатын. Сондықтан А-15, В-15, С-15, С-16, D-15 шаршысының беткі қоқыс қабаты арнайы техниканың көмегімен алынып тасталды.

С-16 шаршыларының беткі қоқыс қабаты арнайы техниканың көмегімен алынған соң мәдени қабатына қатысты топырақ қабаты қазылды. Мәдени қабатының топырақ қабаты өте тығыз, тапталған (шамасы қоқыс қабатын тастау барысында техникамен тапталған). Тазалау барысында мәдени қабатына қатысты құрылыс орындары қатты бұзылуға ұшырағандығы анықталды. С-16 шаршысы кесенеге жақын орналасқан дықтан 80-жылдары кесене маңында жүргізілген абаттандыру барысында құрылыс орындары бұзылған. Қазба барысында мәдени қабатына қатысты құрылыс орындарының қалдықтары қабырға негіздерді анықталды.

Қазба жұмысы Қ. А. Ясауи кесенесінің оңтүстік-шығысынан 227 м қашықтықта орналасқан Е14 шаршысына салынды.

Е14 шаршысының батыс бөлігін солтүстіктен оңтүстікке созылып жатқан сай алып жатса, солтүстік-шығыс бөлігіне Совет үкіметі заманында, яғни, XX ғасырдың 60–70 жж. аралығында 60 см кей жерлері 80 см қалыңдықта күл-қоқыс төгіліп, көтерме жол салынған. Сонымен қатар, кесенеге жүргізілген күрделі жөндеу және кесене аумағын кеңейту жұмыстары жүргізілген уақытта кесенеге жақын орналасқан қазба орны техникамен тегістеліп, күрделі жөндеу жұмыстары барысында пайда болған құрылыс қалдықтары төгілген. Қазба элементі 0-ден бастап белгіленді. Қазба орнында шоғырланған қоқыс қабаты (0) арнайы техникамен алынып тасталды. Беткі қоқыс қабатынан то-

лық тазартылғаннан кейін қырып, тазалау жұмыстары жүргізілді. Қазбаның шығыс бөлігінен жоғарғы құрылыс сұлбалары анықтала бастады.

Қазба жұмысы Е14 деп белгіленіп 20x20 м көлемінде бөлінген шаршыға салынды. Қазба жұмысы жүргізілген шаршы Әзірет Сұлтан кесенесінің оңтүстігінен 230 м жерде орналасқан.

Қазба жұмысы жүргізілген шаршыдан XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың бас кезіне тән солтүстіктен оңтүстік бағытында салынған орталық көше мен қам кесектен анфиладтық үлгіде салынған тұрғын үй құрылыстары анықталып қазылды. Қазба барысында қаланың рабад бөлігін мекендеген тұрғындардың XIX–XX ғғ. тән материалдық мәдениеті туралы біршама толымды мәлімет алынды.

Қазба жұмысы кесененің оңтүстігінен 230 м, шығыс моншасынан 90 м қашықтықта орналасқан Е-15 шаршысына салынды. Қазба салынған шаршының беткі қабаты кесене айналасына жүргізілген кеңейту, жөндеу жұмыстары кезінде төгілген қоқыстарға толы болды. Қазба орнының батыс бөлігі, яғни, 3/1 бөлігі ертеректе салынған тас жолдың астында қалып отыр. Беткі күл-қоқыс (0) қалыңдығы кей жерлерде 0,3, кей жерлерде 0,5–0,7 м-ге жетеді. Күл-қоқыс қалдығы арнайы техникамен шығарылып тасталғаннан кейін қырып тазалау жұмыстары жүргізілді. Қазба барысында шаршының шығыс бөлігінен солтүстіктен оңтүстік бағытында салынған көше мен осы көшені жағалай орналасқан XIX ғасырға тән тұрғын үй қалдықтарының сұлбалары байқала бастады.

Қазба жұмысы Е15 деп белгіленіп 20x20 м көлемінде бөлінген шаршыға салынды. Қазба жұмысы жүргізілген шаршы Әзірет Сұлтан кесенесінің оңтүстігінен 230 м жерде орналасқан.

Қазба жұмысы жүргізілген шаршыдан XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың бас кезіне тән солтүстіктен оңтүстік бағытында салынған орталық көше мен қам кесектен анфиладтық үлгіде салынған тұрғын үй құрылыстары анықталып қазылды. Қазба барысында қаланың рабад бөлігін

мекендеген тұрғындардың ХІХ–ХХ ғғ. тән материалдық мәдениеті туралы біршама толымды мәлімет алынды.

Орталық Күлтөбе қалажұртының батыс бөлігінен F 12, G 12, G 13, G 14 шаршылары белгіленіп, әр шаршылар 20x20 м көлемде өлшеніп қазықтар қағылған. Қазба жұмысы жоғарыда аталған шаршыларға салынды. Қазба салынған шаршылар орталық Күлтөбеден 163 м қашықтықта. Шаршылардың үстіңгі қабатында шөп өскен, сонымен қатар шашылып жатқан қоқыстарға толы. Үстіңгі жағы тегіс емес ойлы-қырлы, шашылған қоқыстарды арнайы техникамен сүргізіп тазартылды (0). Тазаланған соң 10 см тереңдікте қазылды, тегістеу барысында пішіні дөңгелек келген тандырлар мен ошақ орындары әр жерлерден қызарып көрініп жатты.

Жалпы қазба жұмысы барысында екі ауладан, жеті жеке иеліктен тұратын тұрғын үйлер анықталды.

Бірінші аулаға (70) қатысты үш жеке иелік қазбаның F 12, G 12 шаршыларынан анықталды;

- Бірінші жеке тұрғын үй иелігінде (71–78) екі тұрғын бөлмеден тұрады. Тұрғын үй ортақ (70) аулаға қарата салынған.
- Екінші жеке тұрғын үй иелігі екі тұрғын бөлмеден тұрады, бірінші (84) бөлме шаруашылық, екінші бөлме (95) жатын бөлмеден тұрады.
- Үшінші жеке тұрғын үй иелігіне орталық (70) ауладан қысыңқы (102) дәліз арқылы кіретін болған. Тұрғын үй үш жатын (103, 111, 118) бөлмеден тұрады.

G-14 шаршысынан ешқандай құрылыс қабаттары анықталған жоқ, бұл шаршыдан тек жер ошақтар мен қоқыс шұқырлары ғана анықталды. 5-тандыр, 9-жер ошақ, 2-қоқыс шұқыры анықталды. Қазбаның солтүстік-батыс шекара кесіндісіне жақын тұстан екі (126, 127) тандыр орындары анықталды.

Бірінші (126) тандырдың сақталуы нашар, тек табан негізі ғана сақталған, жақтау қабырғасы әр жерлерінде қалған.

Жақтау қабырға әбден жанған оттың әсерінен қызарған, бетінде майда жарықша сызықтар бар. Табаны сақталмаған, әр жерлерінде қызарған от іздері байқалады. Тандыр орнының көлемі 0,87x0,78 м, ішінің тереңдігі 0,18 м.

Екінші (127) тандырдың сақталуы нашар, жақтау қабырға әбден жанған оттың әсерінен қызарған, бетінде майда жарықша сызықтар бар, жақтау қабырғасы әр жерлерінде сақталған. Табаны сақталмаған, әр жерлерінде қызарған от іздері байқалады. Тандыр орнының көлемі 0,89x0,87 м, ішінің тереңдігі 0,17 м. Екі тандыр арасы 0,48 м.

Түркістанның ежелгі тарихы жердің астында жатыр. Оның мұрағаты – археологиялық ескерткіштер болып табылуда. Ал бұл тарих пен мәдениеттің өте нәзік куәсі және құжаты. Сондықтан да, археологиялық ескерткіштерімізді зерттей келе, тарих пен мәдениет, сондай-ақ археология ескерткіштерін де қорғаудың жай-күйін жақсарту түскен абзал. Осы мақсатта 2019 жылы Күлтөбе қалажұрты кешенді түрде зерттеле бастады. Қалажұрттың іргетасы б.з.б. І-ғасырда қаланған. Қалажұрт ортағасырда Ұлы Жібек жолы бойындағы басты қалалардың біріне айналды. ХІІ ғасырда діни уағыз айтқан Ахмет Ясауи тұрған жер ретінде кеңінен танылды [15, 34–36]. Ахмет Ясауи қайтыс болғаннан кейін Ясы діни-культтық идеологиялық орталыққа айналды, оған жер жаһаннан адамдар ағылып келіп жатты. Қалажұрт Сырдың ортаңғы ағысындағы ортағасырлық Отырар, Сауран, Сығанақ қалажұрттары секілді көшпелілер мен отырықшылар арасындағы экономикалық байланыстардың орталығы болды, мұнда тек қана Оңтүстік Қазақстан қала тұрғындары мен Сарыарқа көшпенділері ғана емес, сонымен қатар Орта Азия, Еділ бойы, Шығыс Түркістан халықтары да мәдени айырбас пен сауда қатынастарын жүргізді.

Күлтөбе қалажұртында 2019 жылы жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстардың бір бағыты, Күлтөбе қалажұртының шахристан бөлігінде жүргізілді. Қазба жұмыстарын жүргізу үшін бөлінген Н 12 және І 12 шаршылары Күлтөбе

төбе қалажұртының шахристан бөлігінде, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстік-батысында 0,00 м қашықтықта орналасқан. Н 12 және І 12 шаршыларындағы мәдени қабатты анықтау мақсатында қазба салынды.

Қазба жұмысы басталмас бұрын шым, жантақ және түйе қарын аралас шөптері шабылып, тазаланды. Шөптері толық алынып біткеннен кейін беткі бос топырақ қабаты 0,2 м, кей жерлері 0,5 м тереңдікке (0) дейін алынып тасталды. Беткі бос топырағын алу барысында қалажұрттың бұл бөлігінен, XX ғасырда сол аумаққа жақын тұрғындардың әкеліп төгуі салдарынан пайда болған құрылыс қалдықтары және күл аралас қоқыс қабаттың орналасқандығы анықталды (1). Қазба жұмыстары барысында кей жерлерінде қоқыстың беткі жағына төгілгені анықталса, кей жерлерінде арнайы қазылып төгіліп, қайта көмілгендігі анықталды.

Күлтөбе қалажұртының шахристан бөлігінде орналасқан Н 12 және І 12 шаршыларында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағытталған ұзындығы 45,76 м, ені 7,33 м болып келетін үлкен көше және көшенің сол жағынан үлкен ауласы бар 2 иелікке қарасты 6 бөлме анықталды. Анықталған иеліктерге қарасты тұрғын үй бөлмелеріндегі тазалау жұмыстары барысында алынған керамика бөліктеріне салыстырмалы талдау жасай отырып, аталмыш иеліктердің ХІХ–ХХ ғасырларға жататындығы анықталды [7, 187–196; 13, 132; 14, 8–23].

ХІХ–ХХ ғасырларға жататын мәдени қабаттан табылған саз ыдыстардың ернеуінің сыртқы жиегінен толқын тәріздес шымшымалы өрнектер салынған құмыралар мен астаулардың бөліктері, сырты немесе іші тұтастай сары түсті бояумен көмкеріліп шыңылтырланған кеселердің сынықтары алынды. Бұл деңгейден сонымен бірге, жалпақ, тік немесе шеңбер иінді етіп жасалған жапсырмалы тұтқа бөліктері іріктеліп алынды. Сырлы ыдыстар қатарын ашық сары, сары, жасыл, қоңыр түсті сыр жағылып үстінен қара, қоңыр, көк түсті сырмен өрнектер салы-

нып шыңылтырланған орта кесе бөліктері алынды.

Қазба жұмысы Күлтөбенің солтүстігінде орналасқан Н-14, І-14 шаршыларына қатар салынды. Бастапқыда беткі күл-қоқыс және бос топырақ қабаты арнайы техникамен алынып тасталып, қырылып тазаланды. Солтүстіктен оңтүстік бағытында созылық болып жал түрінде сақталған шаршылардың батысынан солтүстік-батыстан оңтүстік-шығыс бағытында орталық көше орналасса, шығыс, солтүстік және батыс бөліктері сай түрінде сақталып отыр. Шамасы бұл сайлар бір кездері осы маңда салынған жеке иеліктерге тиесілі аула қызметін атқарған болуы мүмкін деп отырмыз. Солтүстігінде орналасқан Н-14 шаршысынан бір-біріне тақалып салынған екі тұрғын үй құрылысы анықталып қазылды. Анфиладтық үлгіде салынған, үш бөлмеден тұратын тұрғын үйлер солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс және солтүстік-батыстан оңтүстік-шығыс бағытында орналасқан.

Қазба салынған шаршылардан алынған заттай материалдардың ішінде ХІХ ғасырға тән саз ыдыстың сынықтарынан өзге бұйым табылмады. Бұған қарап тұрғын үй иелері қоныстарын тастап көшіп кеткен болуы мүмкін деп жорамалдап отырмыз.

Орталық Күлтөбе қалажұртының солтүстік бөлігінен J-10, І-10 шаршылары белгіленіп, әр шаршылар 20x20 м көлемде өлшеніп қазықтар қағылған. Қазба жұмысы жоғарыда аталған екі шаршыға салынды. Қазба салынған J-10, І-10 шаршылары орталық Күлтөбеден 20 м қашықтықта. Шаршылардың үстіңгі қабатында шөп өскен, сонымен қатар шашылып жатқан қоқыстарға толы. Үстіңгі жағы тегіс емес ойлы-қырлы, шашылған қоқыстар арнайы техникамен сүргізіп тазартылды (0). Тазаланған соң 10 см тереңдікте қазылды, тегістеу барысында пішіні дөңгелек келген тандырлар мен ошақ орындары әр жерлерден қызарып көрініп жатты. J-10, І-10 шаршыларынан жалпы екі құрылыс қабаты анықталды.

Түркістанның ежелгі тарихы жердің астында жатыр. Оның мұрағаты – археологиялық ескерткіштер болып табылуда. Ал

бұл тарих пен мәдениеттің өте нәзік куәсі және құжаты. Сондықтан да, археологиялық ескерткіштерімізді зерттей келе, тарих пен мәдениет, сондай-ақ археология ескерткіштерін де қорғаудың жай-күйін жақсарту түскен абзал. Осы мақсатта 2019 жылы Күлтөбе қалажұрты кешенді түрде зерттеле бастады. Қалажұрттың іргетасы б.з.б. I-ғасырда қаланған. Қалажұрт ортағасырда Ұлы Жібек жолы бойындағы басты қалалардың біріне айналды. XII ғасырда діни уағыз айтқан Ахмет Ясауи тұрған жер ретінде кеңінен танылды [15, 34–36]. Ахмет Ясауи қайтыс болғаннан кейін Ясы діни-культтық идеологиялық орталыққа айналды, оған жер жаһаннан адамдар ағылып келіп жатты. Қалажұрт Сырдың ортаңғы ағысындағы ортағасырлық Отырар, Сауран, Сығанақ қалажұрттары секілді көшпелілер мен отырықшылар арасындағы экономикалық байланыстардың орталығы болды, мұнда тек қана Оңтүстік Қазақстан қала тұрғындары мен Сарыарқа көшпенділері ғана емес, сонымен қатар Орта Азия, Еділ бойы, Шығыс Түркістан халықтары да мәдени айырбас пен сауда қатынастарын жүргізді.

Қазба жұмысы солтүстіктен оңтүстікке созылып жатқан К2, К3, L2, L3 және М3 шаршыларына, яғни, 2000 м² жерге салынды. Қазба салынған К2 және К3 шаршылары XVIII–XIX ғғ. деректерде аталатын Баулық арығының орнына 1975–1976 жж. қазылған дренажға жағалай орналасқан.

Ал, L2, L3 және М3 шаршыларында жүргізілген қазба жұмыстары барысында, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағытталған үлкен көшенің сол жағынан, 5 иелікке қарасты 21 бөлме анықталды. Анықталған иеліктер солтүстіктен оңтүстікке қарай шартты түрде 1, 2, 3, 4 және 5-ші иеліктер болып белгіленді.

Күлтөбе қалажұртының шахристан бөлігінде орналасқан К2, К3, L2, L3 және М3 шаршыларында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағытталған ұзындығы 105 м, ені 9,9 м болып келетін үлкен көше және көшенің сол жағынан ауласы бар 4 иелікке қарасты 20 бөлме анықталды. Анықталған иеліктерге қарасты тұрғын

үй бөлмелеріндегі тазалау жұмыстары барысында алынған керамика бөліктеріне салыстырмалы талдау жасай отырып, аталмыш иеліктердің XIX–XX ғасырларға жататындығы анықталды [7, 187–196; 13, 132; 14, 8–23].

J-4 және K-4 шаршысы Күлтөбе цитаделінің солтүстік батысындағы үлкен дренаждың оңтүстік жағасында орналасқан. Бұл жерде қазба жұмысын жүргізуіміздің негізгі мақсаты XIX–XX ғасырлармен мерзімделетін иеліктерді, осы иеліктердің өзіне тиесілі құрылыс бөліктерін, тұрғын жай орындарын, шаруашылық нысандарды және көшелерді топырақ астынан аршып олардың қалай жоспарланғандығын анықтап қайта жаңғыртуға дайындау болатын.

Қазба нәтижелеріне сәйкес аталмыш шаршылардағы құрылыстарды алты иелікке топтастырып қарастыруға болады.

Жұмыс барысында алдымен J-4 қазығының түбі реперлік нүкте ретінде белгіленді. Осыдан кейін жоғарыда айтылған шөп өскіндерін тазалау жұмыстары атқарылды. Тазалау барысында беткі қабаттан тілге тиек етерлік археологиялық олжа табылмағандықтан топырақ бетіне тереңдетіле қайта қазба салынды. Шамамен 0,45–0,60 м тереңдіктен Ресей патшалығы тұсында соғылған монеталар (әшекей ретінде қолдану мақсатында бір монета жиегінен тесілген) табылып құрылыс сұлбалары көріне бастады. Осыдан кейін беткі қабат қыру әдісі арқылы тазаланып анықталған құрыс сұлбаларының беті щетка және қалақпен аршылды. Нәтижесінде J-4 және K-4 шаршысының шекарасынан алты иеліктің төмендегідей құрылыс нысандары анықталып тіркелді.

1-Иелік: Бұл иелікке бір тұрғын жай бөлмесі (бөлме ішінен бір бүтін құмыра табылды), бір кіреберіс дәліз, сыпасы, ошағы және құдығымен бірге далалық шаруашылық нысаны жатады.

2-Иелік: Бұл иеліктің тек қана далалық шаруашылық нысаны ғана аршылды. Аталмыш иелікке тиесілі құрылыстар 1975–1976 жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстігіндегі дренажды қазу

барысында бүлінген болса керек. Сондықтанда тұрғын жай бөлмелерін анықтау мүмкін болмады.

3-Иелік: Бұл иеліктің екі тұрғын жай бөлмесі мен екі далалық шаруашылық нысаны және сай күйінде жатқан ауласы анықталды.

4-Иелік: Бұл иеліктің құрылыстары да 1975–1976 жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстігіндегі дренажды қазу барысында бүлінген сияқты. Өйткені бұл тұстан шынжыр табанды тракторлардың ізі айқындалды. Сондықтан осы иелікке тиесілі тек бір ғана шаруашылық нысанның жұрнағы табылды.

5-Иелік: Бұл иелікке екі тұрғын жай бөлмесі, бір кіреберіс дәліз, бір шаруашылық бөлме жатады.

6-Иелік: Алтыншы иелікке бір тұрғын жай бөлмесі, бір далалық шаруашылық бөлме және айналасы қоршау қабырғалармен бекітілген бір аула жатады.

J-4 және K-4 шаршысында жүргізілген қазба жұмысы барысында құрылыс қабаты анықталған деңгейден патша кезеңіне жататын мыс монеталар, патша әскерінің түймесі (артқы бетінде «рига левиштейн» деген жазуы бар) және темір құман табылған болатын. Осы олжаларға қарап аршылған құрылыс нысандарын XIX–XX ғасырлармен мерзімдеуге болады.

Орталық Күлтөбе қалажұртының батыс бөлігінен M-4-L-4 шаршылары белгіленіп, әр шаршылар 20x20 м көлемде өлшеніп қазықтар қағылған. Қазба жұмысы жоғарыда аталған екі шаршыға салынды. Қазба салынған M-4-L-4 шаршылары орталық Күлтөбеден 35 м қашықтықта. Шаршылардың үстіңгі қабатында шөп өскен, сонымен қатар шашылып жатқан қоқыстарға толы. Үстіңгі жағы тегіс емес ойлы-қырлы, шашылған қоқыстарды арнайы техникамен сүргізіп тазартылды (0). Тазаланған соң 10 см тереңдікте қазылды, тегістеу барысында пішіні дөңгелек келген тандырлар мен ошақ орындары әр жерлерден қызарып көрініп жатты.

Жалпы қазба жұмысы барысында үш жеке иеліктен тұратын тұрғын үйлер анықталды.

Бірінші жеке тұрғын үй иелігі бір тұрғын бөлме, бөлмеге кіреберісі алдында асқаналық тандырлар мен ошақтар, аула, сонымен қатар шаруашылық мақсатта пайдаланған қамба орындарынан тұрады. Тұрғын үй орталық үлкен көшеге қарай қараған.

Екінші жеке тұрғын үй иелігі төрт тұрғын бөлме, ас үйлік жеке шаруашылық бөлмелерден, және ауладан тұрады.

Үшінші жеке тұрғын үй иелігіне орталық үлкен көшеден тұйық көше арқылы өтетін болған. Тұрғын үй екі жатын бөлмеден тұрады. Бұл тұрғын үйде қыштан төселген едендер бар.

Қазба жұмысы солтүстіктен оңтүстікке созылып жатқан I-5, J-5, K-5 шаршыларына, яғни, 600 м² жерге салынды. Қазба салынған J-5, K-5 шаршыларының басым бөлігін тұрғын үйлердің арасын бөліп жатқан су қоймалары алып жатыр. XVIII–XIX ғғ. жеткен деректе қала орталығының батыс жағынан Тастақ өзені ағып жатса, шығысынан, яғни, қаланың цитадель бөлігінен Баулық атауымен арық кесіп өткені айтылады. Қаланың цитадель бөлігінде жиі орналасқан су қоймаларына осы Баулық арығы арқылы су жиналған болуы мүмкін. Бұл жерде орналасқан су қоймаларының көлемдері әркелкі, ең кішілерінің дм 19–20 м болса, үлкен су қоймаларының дм 50–60 м-ге дейін жетеді.

Қазба жұмысы I5, J5 және K5 деп белгіленіп 20x20 м көлемінде бөлінген шаршыларға салынды. Қазба жұмысы жүргізілген шаршылар Күлтөбе қалажұртының солтүстік-батыс цитадель бөлігіне сәйкес келеді.

Қазба жұмысы жүргізілген шаршылардан XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың бас кезінде салынған екі көше мен көшелерді бойлай қам кесек пен күйдірілген қыштан салынған тұрғын үй, сауда орындарының құрылыстары анықталып қазылды. Қазба барысында қала орталығын мекендеген тұрғындардың материалдық мәдениеті туралы біршама толымды мәлімет алынды.

Күлтөбе қалажұртының батысына қазба салынбас бұрын алдын-ала барлау жұ-

мыстары жүргізілді. Батыс бөлігінің жер бедері тегіс емес ойлы-қырлы болып келген. 2019 жылға жоспарланған қазбаның орнының батыс шеткі шекара нүктелері L-1, M-1, N-2, O-3, P-4, Q-5, R-6, S-7, T-8, U-9, V-10, W-11 шаршыларының бойымен белгіленіп сызылған. Қазба салынатын орынның беті түгелдей күл-қоқысқа айналған, қоқыстарды арнайы техникамен әр жерлерге үйіп төккендігі анық байқалып жатыр. Бұл қоқыстарды жұмысшылардың көмегімен тазалап алу мүмкін болмады, тек арнайы техниканың көмегімен алынып тасталды.

Көше анықталып басып өткен шаршылар;

- K2 – шаршысының солтүстік-батыс бұрышы мен оңтүстік шекара кесінділерін басып өткен;
- L2 – шаршысының солтүстік және шығыс шекара кесінділерін басып өткен;
- L3 – шаршысының батыс және оңтүстік шекара кесінділерін басып өткен;
- M3 – шаршысының солтүстік-батыс бұрыш мен оңтүстік-шығыс бұрышты басып өткен;
- M4 – шаршысының оңтүстік-батыс бұрышын басып өткен;
- N3 – шаршысының солтүстік-шығыс бұрышын басып өткен;
- N4 – шаршысының солтүстік-батыс бұрышы мен оңтүстік шекара кесіндісін басып өткен;
- O4 – шаршысының солтүстік және шығыс шекара кесінділерін басып өткен;
- O5 – шаршысының батыс шекара кесіндісін басып өткен;

Жоғарыда сипатталған көшені ашу барысында еш керамика бөліктері табылмады, топырағы қатты тапталып қалған, арасында майда тастар мен сынық қыштардың бөліктері араласып жатты.

Үлкен жолдың табаны жоғарғы қабаттан 0,8 м тереңдіктен ашылды. Жол та-

банына уақ малдың майда сүйектері мен керамика сынықтары аралас сұрғылт түсті топырақ төгіліп, үстін нығыздап таптаған. Тапталған топыраққа қарап көше бірнеше мәрте жөнделгендігі байқалады. Себебі жол бетінің топырағы қабыршақтанып алынып жатты.

S-11 шаршысы солтүстік бөлігі солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай ұзынша дөңес (0) ретінде сақталынып қалған, батыс бөлігі ұшбұрыш тәрізді болып келеді.

Дөңестің оңтүстік, шығыс, солтүстік бөліктері қара жолды салу барысында мәдени қабаты бұзылған. Шаршының солтүстік бөлігінен су жүретін канал арық болған, каналдың біраз бөлігі техника көмегімен тегістеліп кеткен. Канал шығыстан батысқа қарай бағыттталып ескерткіштің шығысынан анықталынған су қоймасынан бастау алған және ескерткіштің батыс бөлігіндегі рабад аумағын сумен қамтамасыз етіп отырған. Қазбаның беткі шым қабатына қалың шөп өскіндері өскен, жер деңгейі тегіс келеді, шым қабатын тазалау барысында құрылыс орындары айқындала бастады. Беткі шаңдақты топырақ қабатын 10 см тереңдіктен тазаланғаннан кейін құрылыс орындары толығымен анықталынды. Беткі топырақ қабатын аршу барысында шыны және сырлы керамикалық ыдыстардың табан, бүйір сынықтары табылды.

S-13 шаршысы T-13 шаршысының солтүстігінде орналасқан жалпы көлемі 20x20 м, шаршының оңтүстік бөлігі биік дөңес болып сақталып қалған. Солтүстік және оңтүстік бөлігі батыстан шығысқа қарай бағытталған қара жолды салу барысында мәдени қабаты толығымен бұзылған. Шығыс бөлігі терең ойпат болып қалған, шамасы кеңес заманында техниканың көмегімен алынып орнына қоқыс тасталған. Қазбаның беткі жағы қалың шөп өскіндері өскен, беткі жер деңгейі ойлы-қырлы болып келеді. Шым қабаты шөптен тазаланып беткі бос топырағын қазу барысында 0,10 м тереңдіктен құрылыс қабырғаларының сұлбалары айқындала бастады (0).

S-13 шаршысынан анықталынған тұрғын үй иелігі үш бөлмеден тұрады. Көршілес шаршылардан анықталған тұрғын үйлерге қарағанда сақталынуы біршама жақсы. Қабырғалардың ішкі беттерінің сылақтар сақталған сондай-ақ сылақ беті әкпен ақталған. Қазба барысында екі құрылыс қабатынан тұратындығы анықталынды, яғни тұрғын үй орыны құлағаннан кейін қайта тұрғызылған. Қайта тұрғызу барысында тұрғын үйдің жалпы жоспары өзгермеген, қайта үстіңгі бөлмелердің қабырғалары әкпен ақталған, терезе жақтаулары алебастрмен сыланған, сылақ бөліктері қазба барысында көптеп табылды. Тұрғын үйдің екінші бөлмесін қазу барысында темірден жасалған шаруашылыққа арналған құралдар көптеп табылды. Екінші бөлменің қабырғасын тазалау барысында 1866 жылғы айналымда болған тиын табылғандықтан және құрылыс орындарының басқа аршылардағы құрылыстармен байланыстығына қарап, тұрғын үй XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бірінші онжылдығына қатысты деп тұжырымдауға болады.

U-10 шаршысы, жаңа қазба орны Күлтөбе шахристанының оңтүстігінде дөңес жерде орналасқан. Биік дөңестің солтүстігінен қара жол шығысқа қарай салынған, жол деңгейімен есептегенде дөңестің биіктігі 2,5 м. Қазба дөңестің батыс бөлігінен көлемі 20x20 м.

Қазба жұмыстарын жүргізу үшін бөлінген U10, U11, U12, T11 және V11 шаршылары аталмыш төбенің үстінде орналасқан. Төбеде орналасқан U11 шаршысына қазба салынды. Қазба шекаралары әлемнің төрт тарапына жандарымен қараған. Көлемі 20x20 м. қазба алаңының солтүстік батыс бөлігі биіктеу, ал оңтүстік шығыс бөлігі болса төменде орналасқан. Оңтүстік батыс бұрышында көлікпен шамамен екі көлік 20 ғасырдың қоқысы төгілген. Қазба орының беті толықтай 20 ғасырға тән күл, қоқыстармен көмкерілген. XX ғ. 60–70 жылдарына тән фарфор ыдыстарының сынық бөліктері алынды.

U-10 қазбасынан аршылған құрылыс орындарының жалғасын анықтау мақсатында қазбаның солтүстік бөлігінде ор-

наласқан T-10 шаршысы қазылды. Қазбаның беткі жағы май топырақты болып келеді және қазіргі заманның қоқыстары тасталған. Жер деңгейі бірдей емес солтүстік-батысқа қарай еңіс болып келеді, бұл дөңестің солтүстік-батыс бөлігі қара жолды салу барысында бұзылған. (0) Беткі топырақ қабатын қазу барысында сырлы сырсыз керамикалық сынықтар көптеп жинақталды. Сырсыз керамикалар жиынтығы біртегіс табанды шарықта жасалған шарықта жасалынған құмыраның бүйір сынықтарынан тұрады. Табылған материалдардың ішінде тандыр ошақ қақпағының тұтқасы да кездеседі. Тұтқа пішіні саңырауқұлақ тәрізді биіктігі 12 см, негізгі бөлігі цилиндр тәрізді, орта бөлігіне көлденең бағытта саусақпен салынған шымшыма түрінде белдемше өрнегі бар.

Сырлы тостаған бөліктері табаны дөңгелек пішінді сақина тәрізді ішкі бетіне сары түсті сырмен көмкеріліп қоңыр түсті бояумен гүл дестесі тәрізді өрнектер салынған.

Беткі топырақ қабатын тазаланғаннан кейін қазба орнынан бірнеше жерлеу орындары мен қоқыс шұқырлары анықталды (53). Бірінші жерлеу орны қазбаның орта тұсынан жердің беткі кеңістігімен есептегенде 0,30 м тереңдіктен аршылды. Адам қаңқасы басымен солтүстікке қарата арқасымен жатқызылған, жүзі батысқа қаратылып оң қолы кіндік тұсына, сол қолы жанына қойылған. Қабірдің ұзындығы 1,70 м ені 0,40 м.

T-10 шаршысын қазу барысында үш бөлмеден тұратын үлкен ауласы бар бір жанұяға тиесілі иелік орны анықталды. Тұрғын жайдың бөлмелерінің сақталуы орташа деңгейде, құрылыс орындарының кейбір бөліктері қабір орындарының және жоғарғы құрылыс қабатына қатысты қоқыс шұқырларын қазу барысында бұзылған. Жалпы үш құрылыс қабатынан тұратын қазба орнының бірінші құрылыс қабаты негізінен жерлеу орындарынан тұрады. Көршілес шаршылардағы аршылған жерлеу деңгейлерімен бірдей болғандықтан жерлеу орындары XVII–XVIII ғғ. кезеңіне қатысты. Керамикалық материалдар негізінен қоқыс шұқырла-

рынан табылды. Екінші құрылыс қабатына қатысты құрылыс орындарынан тек қоқыс шұқырлар ғана жатады, тұрғын үй жайлары толығымен бұзылған. Екінші құрылыс қабатына қатысты шұқырлардан табылған керамикалық материалдарға сүйене отырып, екінші құрылыс қабатының ғасыр кезеңін анықтауға біршама мүмкіндік бар. Екінші құрылыс қабатына қатысты шұқырлардан табылған араб графикасына ұқсас және тамшы тәрізді төрт жапырақшалы өсімдік тәрізді тостағандар, сырлы құмыралар ертерек кезеңдерде Түркістан қаласында жүргізілген археологиялық жұмыстар барысында XIV–XV ғғ. кезеңіне қатысты құрылыс қабатынан табылған. Негізгі бөлігі қырлы болып келетін майшамдар тек Түркістан емес Отырар қалажұртынан XV ғ. қатысты құрылыс қабатынан табылған. Үшінші құрылыс қабатына қатысты тұрғын жай орындарына сырлы ыдыстар табылмады, осы қабатқа қатысты қоқыс шұқырынан қолмен жапсыра пішінге келтірілген үлкен кіші құмыралар Қаратөбе, Отырар ескерткіштерінің XII–XIII ғғ. кезеңдеріне тән мәдени қабатынан табылған. Қолмен жапсыра пішінге келтірілген иық бөлігінде түртекейі бар құмыра Сидак ата қалажұртының VIII ғ. қатысты құрылыс қабатынан табылып отыр. Жалпы алғанда Т-10 шаршысынан үш құрылыс қабатынан тұратын құрылыс орындарының қирандылары толығымен анықталды.

Т-12 шаршысы Т-11 шаршысының шығыс бөлігінде орналасқан көлемі 20x20 м, қазбаның беткі жер деңгейі бірдей емес. Орта тұсы солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созылып жатқан дөңес болып қалған. Шаршының солтүстік-батыс және шығыс бөлігі ойыс болып келеді, биік жермен есептегенде 1,50 м айырмашылығы бар, шамасы кеңес заманы кезінде арнайы техникамен алынып орнына қазіргі заманның қоқысы тасталған (0). Шаршының солтүстік-шығыс бұрышына таман дм 1,5 м шұқыр қазылып ішкі кеңістігі қазіргі заманғы құрылыс қалдықтарымен толтырылған. Шаршының беткі қоқыс қабатын тазалау барысында ешқандай ортағасырлық керамикалық материалдар табылмады. Қазба барысында екі дана кеңес за-

манында қолданыста болған тиындар мен мыс білезіктің сынық бөлігі табылды.

Күлтөбе цитаделінің сыртқы қамалын анықтау мақсатында қазбадан алдын Күлтөбенің (цитадель) оңтүстігінде, О11 және О12 шаршыларына сәйкес келетін, 1999 жылы салынған шурфтың кесіндісіне макроскопиялық анализ жүргізілді. Нәтижесінде шурфтың солтүстік шығыс жиегінің кесіндісінен бетін су шайып құзданып тұрған бұрынғы (пахса және кесектен? тұрғызылған) қамалдың сұлбасы белгілі болды. Бірақ алғашқы археологиялық есептерде бұл қамал жайында ешқандай мағлұмат кездеспейді. Сол себепті осы қамалдың нақты өлшемін және құрылымын анықтау мақсатында, О12 шаршысында орналасқан шурфтың солтүстік шығыс жиегін жағалай солтүстік батыс, оңтүстік шығысқа қарай бағыттала траншея салу көзделді. Қазба О12 шаршысында жүргізілгенмен N11 шаршысының оңтүстік шығыс бұрышы мен N12 шаршысының оңтүстік батыс бұрышының азғана бөлігін де қамтыды.

Алаңда қазба жұмыстары жүргізбестен бұрын суретке түсіру жұмыстары жүргізілді. Суретке түсіру жұмыстары аяқталғаннан кейін қазба алаңының беткі қабатындағы шөптер тазартылды. Тазалау жұмысы аяқталысымен қазба алаңының жоғарғы қабатынан 0,9–2,5 м қалыңдықтағы бұрынғы қазбадан шығарылған бос топырақты қабат (0) алынып тасталды. Қазба жұмыстары барысында бұрынғы қазбадан шығарылған бос топырақты қабаттан керамика, шыны сынықтары, кесек және кірпіш бөліктері, ірілі-ұсақты мал сүйектерінің қалдықтары, ірілі-ұсақты тастар анықталды. Сонымен қатар аталмыш қабаттан адам сүйектерінің кейбір бөліктері де табылды.

Қазба жұмыстары барысында бұрынғы қазбадан шығарылған бос топырақты қабаттың астында XX ғасырда сол аумаққа жақын тұрғындардың әкеліп төгуі салдарынан пайда болған құрылыс қалдықтары аралас сұр түсті күл қабаттың (1) орналасқандығы анықталды. Атап айтатын болсақ, күл қабаттан жартылай жанған көмір және ағаш қалдықтары, мата шірін-

ділері, шыны сынықтары, фарфорлы шыңылтырланған ыдыстардың бөліктері, темір шірінділері, дәрі-дәрмектің шыны қораптары, резеңке бөліктері және күнделікті тұрмыста қолданылған заттардың қалдықтары табылды. Күл қабаттың қалыңдығы 0,5–0,10 м құрайды.

Күлтөбе цитаделінде жүргізілген бұрынғы қазбадан шығарылған бос топырақты қабаттың астында, қазба алаңының беткі қабатынан есептегенде 0,51 тереңдікте шым қабаттың (2) орналасқандығы анықталды. Шым қабатта бос топырақтың астында қалып қойғандықтан курап қалған шөп қалдықтары мен тамырлары анықтала бастады. Қазба жұмысы барысында шым қабаттың қалыңдығы 0,05 м екендігі анықталды.

011 шаршысындағы №3 кесіндіде жүргізілген қазба жұмыстары барысында, жердің беткі қабатынан 2,6 м тереңдіктен, қазба алаңының оңтүстік-батыс жиегінен 1,8 м, солтүстік-батыс жиегінен 1,98 м қашықтықтан мүрде (4) анықталды. Тазалау жұмысы барысында, мүрденің шалқасынан жатқызылып басы солтүстік-батысқа бағытталғандығы, беті батысқа қаратылып, екі қолы жамбасына қойылып, екі аяғы созылыңқы түрде бір-біріне біріктіріліп жерленгендігі анықталды. Мүрде жақсы сақталған, ұзындығы 1,67 м. Мүрденің мойын бөлігіндегі бос топырақты тазалау барысында қызғыш сары түсті тастан жасалынған, ортасы тесік 1 дана моншақ табылды.

Күлтөбе цитаделінің оңтүстік қамал қабырғасын және құрылыс қабаттарын анықтау мақсатында салынған №3 стратиграфиялық кесіндінің нәтижесінде, Күлтөбе цитаделінің сыртқы қамал қабырғасының 2 м қалыңдықта 2 м тереңдікке дейін сақталғандығы анықталды. Сонымен қатар, қамал қабырғасының сыртында ені 4 м, тереңдігі 1,5 м ор қазылып ішіне су толтырылғандығы және жердің беткі қабатынан 4,5 м тереңдікте құрлық қабатының басталатындығы анықталды.

Ал, №3 стратиграфиялық кесіндіде жүргізілген қазба жұмыстары барысында анықталған құрылыс қабаттарына келер болсақ, жердің беткі қабатынан есепте-

генде 2,6 м тереңдіктен зират (XIII–XV ғғ), 2,75 м тереңдіктен бірінші құрылыс қабатына жататын солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағытталған тұйық көше және тұрғын үйдің 3 бөлмесі (IX–X ғғ), 2,9 м тереңдіктен екінші құрылыс қабатына жататын тұрғын үйдің 2 бөлмесі (VIII–IX ғғ), 3,3 м тереңдіктен үшінші құрылыс қабатына жататын тұрғын үйдің 3 бөлмесі (VI–VII ғғ), 3,85 м тереңдіктен төртінші құрылыс қабатына жататын алтарь ошақты тұрғын үйдің 3 бөлмесі анықталды (IV–V ғғ).

Бірінші құрылыс қабатына жататын көше және тұрғын үй бөлмелерінен табылған қолда пішімделіп жасалған, сырты ангобталған, тұтас батырмалы әдіс арқылы безендірілген керамика бөліктеріне және табаны шеңбер пішімді тегіс, бүйірі шығыңқы, тұтқасы ілмек пішімді, мойыны цилиндр пішімді, кең ауызды, ернеуі тік, ангобталған саптаяққа салыстырмалы талдау жасай отырып, бұл қабаттың Қарлұқ қағанатының және Қарахан мемлекетінің билік құрған кезеңіне, яғни IX–X ғасырларға жататындығы анықталды. Аталмыш қабаттан табылған саздан жасалған ыдыстардың үлгілері Құйрықтөбе [15, 119], Отырар [16, 87–93] және Шойтөбе [5, 175–193; 17, 71–79] қалажұрттарында жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған. Аты аталған ескерткіштерден табылған осындай үлгідегі саз ыдыстар IX–X ғасырларға жатқызылуда.

Екінші құрылыс қабатына жататын тұрғын үй бөлмелерінен табылған саз ыдыстарға және Түргеш қағанаты тұсында қолданыста болған теңгеге салыстырмалы талдау жасай отырып, бұл қабаттың Түргеш қағанатының билік құрған кезеңіне, яғни VIII ғасырға жататындығы анықталды. Аталмыш қабаттан табылған саздан жасалған ыдыстардың үлгілері Көк-Мардан [18, 71–75], Жаушықұм және Ақтөбе 1 қалажұрттарынан жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған [18, 80–150]. Аты аталған ескерткіштерден табылған осындай үлгідегі саз ыдыстар VIII ғасырға жатқызылуда.

Үшінші құрылыс қабатына жататын тұрғын үй бөлмелерінен табылған саз ыдыстарды Сырдың ортаңғы ағысындағы

Ерте Ортағасырлық ескерткіштерден табылған керамикалармен салыстырмалы талдау жасай отырып, бұл қабаттың Түрік қағанатының билік құрған кезеңіне, яғни VI–VII ғасырларға жататындығы анықталды. Аталмыш қабаттан табылған саздан жасалған ыдыстардың үлгілері Жаушықұм және Ақтөбе 1 қала-жұрттарынан жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған [18, 80–150]. Аты аталған ескерткіштерден табылған осындай үлгідегі саз ыдыстар VI–VII ғасырларға жатқызылуда.

Төртінші құрылыс қабатына жататын алтарь ошақты тұрғын үй бөлмелерінен табылған саз ыдыстарға салыстырмалы талдау жасай отырып, бұл қабаттың Қаңлы мемлекетінің ыдырау кезеңіне, яғни IV–V ғасырларға жататындығы анықталды. Аталмыш қабаттан табылған саздан жасалған ыдыстардың үлгілері Жаушықұм және Ақтөбе 1 қалажұрттарынан жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған [18, 80–150]. Аты аталған ескерткіштерден табылған осындай үлгідегі саз ыдыстар IV–V ғасырларға жатқызылуда.

Көне Түркістан қаласының орнында 2019 жылы жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 401 м қашықтықта орналасқан сайда шурф салынды. Сайдың теңіз деңгейінен биіктігі 199,541 м, ал көлемі болса 55x43 м болып келуде. Қазба жұмыстарын жүргізу үшін бөлінген J16, K16 және K17 шаршылары сайдың ішінде орналасқан. Сайда орналасқан K16 шаршысының солтүстік жиегінен 0,25 м, батыс жиегінен 0,25 м қашықтықтан шурф салу үшін көлемі 4x4 м алаң белгіленді. Көлемі 4x4 м болып келетін шурфтың оңтүстік шығыс бөлігі биіктеу болып келуде. Ал солтүстік шығыс бөлігі болса төменде орналасқан. Шурфтың батыс жиегі сыртқа қарай биіктеуде. Шурф кесінділерімен дүниенің төрт тараптарына бағыттала түсірілді. Шурф салудағы негізгі мақсат – сайдағы мәдени қабаттарының кезеңдерін анықтау, оларды зерттеу және құрлық қабатына дейін жеткізу.

K16 шаршысында орналасқан N°2 шурфта жүргізілген қазба жұмыстары

барысында тамыр аралас сарғыш түсті бос топырақ қабаттың қалыңдығы 0,2 м екендігі анықталды. Ал тамыр аралас сарғыш түсті бос топырақ қабаттың астында, жердің беткі қабатынан 0,2–0,35 м аралықта XX ғасырда сол аумаққа жақын тұрғындардың әкеліп төгуі салдарынан пайда болған құрылыс қалдықтары аралас сұр түсті күл қабаттың орналасқандығы анықталды. Аталмыш қабаттан, XX ғасырға жататын шыны сынықтары, шыны шөлмектің түбі, фарфор ыдыстың түбі, ас үй пышағы, тотыққан темір бөліктері, көң, резина, шифр, күйген қыш, ірілі-ұсақты жан-жануар сүйектерінің қалдықтары және жұмыр тастар табылды. Сонымен қатар, аталмыш қабаттағы бос топырақты тазалау барысында, шурфтың оңтүстік шығыс бұрышынан жүйесіз жатқан күйген кірпіш жиынтығы және тотыққан темір бөліктері табылды. Күйген кірпіштердің көлемдері 26,5x23,5 см, қалыңдығы 7 см.

N°2 шурфтың солтүстік кесіндісінен жердің беткі қабатынан 1,1–1,7 аралықтағы қабатта бір-біріне параллель орналасқан 4 қатар ашық сұр түсті шөгінділердің іздері анықталды, шөгінділердің қалыңдығы 1–2 см.

K16 шаршысындағы N°2 шурфта жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмысы барысында анықталғандай, бұл сайдың XVII ғасырдан бері тоған қызметін атқарғандығы анықталды. Анықталған мәдени қабаттар толықтай зерттеліп болғаннан кейін қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында қазылған шурф айналдыра қызыл жолақты жіппен қоршалды.

K16 шаршысында орналасқан N°2 шурфта жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған заттай материалдардың негізгі бөлігін саздан және фарфордан жасалынған ыдыс сынықтары құрайды.

N°2 шурфтағы құрлық қабатына дейінгі аралықта табылған жәдігерлердің XVII–XX ғғ. жататын жалпы саны 96 дана саздан, фарфордан және шыныдан жасалынған ыдыс бөліктері жинақталды. Жинақталған ыдыс бөліктерінің 22 данасының сызбасы сызылып ғылыми сипаттамасы жасалды. Ал қалған 74 данасы құрамына және бөлі-

гіне қарай топтастырылып суретке түсірілді. Суретке түсірілген 74 дана жәдігердің 62 данасын саздан, 9 данасы фарфордан жасалынған ыдыстардың бөліктері құрайды. Ал қалған 3 дана жәдігердің 2 данасы сырлы қаптамалардан, ал 1 данасы шыныдан жасалынған құтыдан тұрады. Саздан жасалған 64 дана ыдыс бөліктерінің 53 данасы сырлы және сырсыз ыдыстардың бүйір жақтаулары, 4 данасы шүмек бөліктерінен, 3 данасы сырлы және сырсыз ыдыстардың табан бөліктерінен, 1 данасы тұтқа, 1 данасы сипаядан тұрады.

Қазба жұмыстары жүргізілген Күлтөбе қалажұрты Түркістан облысындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің 200–300 м оңтүстік іргесінде орналасқан. Географиялық координаттары 4793875.006, 440969.729. Теңіз деңгейінен биіктігі 200–207 м. Бұл қалажұрттың зерттелу тарихына қарасақ бастапқы кезде қалажұрттың жасын, архитектуралық ерекшелігін және мәдени даму тенденциясын анықтау мақсатында Л. Ерзакович, Е. Смагулов [1, 67], А. Ержигитова, М. Тұяқбаев және М. Елеуов т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстарын жүргізгендігін көруімізге болады. Осы зерттеу жұмыстары нәтижесінде Күлтөбе қалажұртының мерзіміне байланысты пайымдаулар жасалып, белгілі бір дәрежеде мәдени қыр-сырлары ақтарылған.

Түркістан қаласының облыс болып өзгеруіне байланысты Ақылбек Серік Шаймерденұлы бастаған зерттеу тобымызға да ағымдағы жылдың қазба маусымында осы жерде зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі туындады. Зерттеу тобының негізгі мақсаты жаңа облыстың жаңа құрылыс стратегиясына сәйкес айқындалды. Яғни Күлтөбе қалажұрты орнына тұрғызылғалы жатқан ашық аспан астындағы мұражай мен саябақ орындарында жүйелі түрде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, археологиялық жаңа деректер арқылы Күлтөбе қалажұртының жасын анықтау және мәдени қабаттарын нақтылай түсу болатын.

Айқындалған мақсаттарға сәйкес Күлтөбе қалажұртында қазба жұмыстарынан алдын қазба жүргізілетін орындар жүйелі

түрде шаршыларға бөлінді. Бөлінген шаршылар латын әріптерімен және сандармен қатар шифрленді. Осыдан кейін қазба жүргізілетін жалпы алаңқайдың топографиясы түсіріліп картасы жасалынды. Екінші кезекте жалпы алаңқайдың бетінде жатқан қоқыс орындарының картасы жасалынды. Бұл карта арқылы қалажұрттың қай тұсында археологиялық ескерткіштердің көп немесе аз шоғырланғандығы анықталды. Осыдан кейін жұмысшы күшін және уақытты тиімді пайдалану мақсатында жұмыс жүргізу тәртібі бекітілді. Осы тәртіп бойынша археологиялық ескерткіштер аз шоғырланған орындарға алдын ала шурф салу көзделді.

Жоғарыда атап өткеніміздей қазба орындары қапталдарымен дүниенің төрт тарапына бағыттталып көлемі 20x20 м шаршыларға бөлініп, әр қазба орындары латын әріптерімен қатар сандар арқылы рет ретімен белгіленді. Белгіленген В19, С18, С19, D18, D19, E17, E18 және E19 шаршылары ескерткіштің шығыс бөлігіндегі үлкен сайға сәйкес келді.

Сол себепті осы сайдың мәдени қабатын және тарихи маңыздылығын анықтау үшін С18 шаршысының солтүстік-шығыс бұрышынан 4x4 өлшемінде шурф қазу көзделді. Жалпы жоғарыда аталған шаршыларға сәйкес келетін сайдың бетін қазбаға дейін жұқалап шым, жантақ және түйе қарын көмкеріп жатты. Ал В19 шаршысының солтүстік-шығыс шетінде жатқан тұрмыстық қоқыс пен қатар E18 шаршысының солтүстік-шығыс шетінде бетон қалдықтарының төгілгендігі белгілі болды.

Келтірілген археологиялық деректер мен табылған жәдігерлерге сүйене отырып төмендегідей қорытынды жасауға болады.

Реперлік нүктеден бастап 1,24 м тереңдікке дейінгі аралықта табылған археологиялық материалдарды ХІХ ғасырдың соңы, ХХ ғасырдың үшінші ширегіне жатқызуға болады. Бұл пайымдауды 2009 жылы Күлтөбе қалажұртының шахристанында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері [19] және біздің N°1 шурфында тапқан Ресей патшасы Александр 2-ге тиесілі күміс монета қуаттай түседі.

1,24–1,55 м тереңдіктер арасында табылған археологиялық материалдарды XVIII ғасырдың екінші жартысымен мерзімдеуге болады. Өйткені Е. Смағұлов тарапынан 2009 жылы Күлтөбе қалажұртының шахристанында табылып XVIII ғасырға жатқызылған шыңылтырлы саз ыдыс бөлшегі [19] мен біз қазған №1 шурфындағы саз ыдыс бөлшегі бір-біріне өте ұқсас келеді.

1,55–2 м тереңдіктер арасынан және бадраб орнынан табылған саз ыдыс бөлшектерін XIII–XII ғасырларға жатқызуға болады. Осыларға ұқсас бөлшектер Ескі Сауран (Қаратөбе) [6, 347] қаласынан табылған. Бұларды М. Тұяқбаев X–XII ғасырларға жатқызған [13, 130–133].

Жалпы қазба нәтижесі шурф салынған орында мәдени құрылыс қабатының жоқ екендігін көрсетті. Сонымен қоса кесіндіде анықталған алювийлік шөгінді бұл жерде ұзақ уақыт су жатқандығын айғақтап берді. Осының өзі бұл жерге қандайда бір маңызды құрылыс тұрғызудың қолайсыз екендігін көрсетеді.

Күлтөбе цитаделінің оңтүстік қамал қабырғасын және құрылыс қабаттарын анықтау мақсатында салынған №3 стратиграфиялық кесіндінің нәтижесінде, Күлтөбе цитаделінің сыртқы қамал қабырғасының 2 м қалыңдықта 2 м тереңдікке дейін сақталғандығы анықталды. Сонымен қатар, қамал қабырғасының сыртында ені 4 м, тереңдігі 1,5 м ор қазылып ішіне су толтырылғандығы және жердің беткі қабатынан 4,5 м тереңдікте құрлық қабатының басталатындығы анықталды.

Ал, №3 стратиграфиялық кесіндіде жүргізілген қазба жұмыстары барысында анықталған құрылыс қабаттарына келер болсақ, жердің беткі қабатынан есептегенде 2,6 м тереңдіктен зират (XIII–XV ғғ), 2,75 м тереңдіктен бірінші құрылыс қабатына жататын солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағытталған тұйық көше және тұрғын үйдің 3 бөлмесі (IX–X ғғ), 2,9 м тереңдіктен екінші құрылыс қабатына жататын тұрғын үйдің 2 бөлмесі (VIII–IX ғғ), 3,3 м тереңдіктен үшінші құрылыс қабатына жататын тұрғын үйдің 3 бөлмесі (VI–

VII ғғ), 3,85 м тереңдіктен төртінші құрылыс қабатына жататын алтарь ошақты тұрғын үйдің 3 бөлмесі анықталды (IV–V ғғ).

Маусымдық далалық зерттеу жұмысы барысында, Күлтөбе қалажұрты цитаделінің солтүстік-батысындағы рабат орнында қазба жұмыстары жүргізілді. Цитадель бөлігінде жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында XIX–XX ғасырларға жататын құрылыс қабаты толық ашылып зерттелді.

Бұл тұста анықталған маңызды құрылыстардың бірі үлкен көше болып табылады. Бұл көше оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа бағытталған. Көшенің екі жиегіне жұмыр тастар орнатылған. Көшенің ұзындығы 105 м, ені 9,8 м. Көшедегі бос топырақты тазалау барысында XIX–XX ғасырларға жататын керамика сынықтары және теңгелер табылды.

Бұл көше цитадель бөлігіне салынған қазбаның оңтүстік-батыс шекарасы болып табылады. Үлкен көшеден солтүстікке қарай жеке тұрғын үйлермен байланыстырып тұратын тұйық көшелер тартылған. Осы көшелерді жағалай 14 тұрғын үй иелігі анықталып, толық ашылды. Аталмыш иеліктерде жүргізілген қазба жұмыстары барысында XIX–XX ғасырларға жататын керамика сынықтары көп мөлшерде алынды.

Қазба барысында анықталған тұрғын үйлердің арасында бір немесе екі бөлмелі үйлермен қатар үш және төрт бөлмеден тұратын үлкен үйлерде кездеседі. Сонымен қатар I 5, J 5 және K 5 шаршыларынан солтүстік-батыстан оңтүстік-шығыс бағытында бір-бірінен 5,7 м қашықтықта қатар салынған екі көше анықталды. Бір бағытта салынған көшелердің солтүстік-батыс бөлігі дренаж қазу кезінде бүлінген. Оңтүстік-батыс көшенің анықталған ұзындығы 43,76 м, ені 3 м. Көшенің оңтүстік-шығыс бөлігі K 5 шаршысына өтіп, көлденеңінен салынған тұрғын үйге тіреліп, оңға, яғни, оңтүстік-батысқа бұрылып, қолдан үйілген жал арқылы келесі жеке тұрғын үй иелігіне барса, солтүстік-батыс бөлігі I 4 шаршысынан анықталып отыр. Екі жол да күл аралас топырақпен тапталып жасалған. Бұл екі жол да біршама уақыт тұрақты пайдаланылған болуы мүм-

кін, жолдардың әр жерінен жүргізілген жөндеу жұмыстары осыны айғақтайды.

Солтүстік-шығысында орналасқан көшенің ені 3,6 м, анықталған ұзындығы 22 м. Көшенің солтүстік-батыс бөлігі дренаж қазу кезінде бүлінген болса, оңтүстік-шығыс бөлігі J 6 шаршысына өтіп тұрғын үйге келіп тұйықталады. Жолды ашып тазалау барысында солтүстік-шығысынан анықталған жолдың үстінен сырлы-сырсыз керамика сынықтарынан басқа екі дана XIX ғасырға жататын қоқан фулустері мен ресей патшасының мыс теңгелері алынды.

Екі көшенің ортасында сауда қатары болуы мүмкін, оңтүстік-шығыстан солтүстік-батыс бағытында ұзына бойы қатарласа салынған құрылыс нысаны бөліп жатыр. I 5 және J 5 шаршыларынан анықталған сауда нысаны көлемдері әртүрлі болатын 6 бөлмеден тұрады. Құрылысқа көлемі 30x17x8 см келетін қам кесектер пайдаланылған. Қазба барысында анықталғанындай сауда қатарының солтүстік-батысында орналасқан үш бөлменің төрт жағы жабық болса, оңтүстік-шығысында орналасқан үш бөлме бастырма түрінде салынған, алды ашық сауда орындары болуы мүмкін, солтүстік-шығыс қабырғалары анықталмады. Сонымен қатар, жоғарыда аталған төрт қабырғасы толық анықталған үш бөлме қабырғаларының соңғы қатарлары сақталуы себепті бөлмеге кіретін есік орындары анықталмады.

Жоғарыда аталған көшелерді жағалай XIX ғасырға тән қоқан дәуірінің тұрғын үйлері орналасқан. I 5 және J 5 шаршыларының шекарасынан, көше жанынан тұрғын үй бөлмесі анықталып қазылды. Бөлменің басым бөлігі шығыс кесінді астында қалып отыр. Солтүстік-батыс қабырғасының анықталған ұзындығы 5,2 м, ені 62 см. Қам кесектен өрілген қабырғаның ішкі жағынан 1,62 м-дей жеріне әртүрлі пішіндегі тастар мен сынық қыштар қаланған.

Оңтүстік-батыс қабырға ұзындығы 5,9 м, ені шамамен 73 см. Бөлме қабырғаларының соңғы қатары, яғни, 3-5 см-дей биіктікте ғана сақталып отыр. Бөлменің солтүстік-шығыс бұрышынан жоғарғы

еден деңгейіне тән бұзылған ташнау орны анықталып отыр. Ташнаудың төңкеріліп қойылған түбі тесік суағар құмырасынан өзге бөліктері сақталмаған. Бөлменің солтүстік-батысынан, батыс бұрыштан Г әрпі тәріздес қыштан қаланған қабырға қалдығы анықталды. Солтүстік-батыс қабырғаның іргесінен қаланған бір қатар қыш қалағына 25x13x5 көлеміндегі қыштар пайдаланылса, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығыс бағытында қаланған ені 40 см келетін қабырғаға сынық қыштар пайдаланылған.

K 5 шаршысынан, яғни, оңтүстік-батыс көшенің тұйықталған жерінен шығыс кесінді жанынан тұрғын үй бөлмесі анықталды. Бөлменің басым бөлігі шығыс кесінді астында қалып отыр. Бөлменің сұлбасы K 6 шаршысынан анықталып отыр. Алайда, бұл шаршыға жүргізілген қазба жұмысы толық аяқталмағанына себепті нақтыланбай отыр. Шығыс кесіндіден алғанда шамамен бөлме көлемі 4x5,38 м. Бөлменің солтүстік-батыс қабырға ұзындығы 5,38 м, ені 68 см, сақталған биіктігі 12 см. Оңтүстік-батыс қабырға ұзындығы 3,9 м, ені 67 см, сақталған биіктігі 11 см. Бөлме қабырғалары шығыс кесінді астында жалғасып жатыр. Бөлменің оңтүстік-батысынан 2 м жерден құланды кесектер анықталды. Екі қатар болып, қырынан жатқан кесек қалдықтары шамамен жоғарыда аталған бөлменің (41) оңтүстік-батыс қабырғасы болуы мүмкін. Сонымен қатар, аталған құландының (43) оңтүстігінен дм-і шамамен 3,5 м келетін күл орны анықталды.

Қазба орнының солтүстік кесіндісі жанынан, яғни, I 5 шаршысының солтүстік-шығыс бұрышы жанынан 0,3 м тереңдіктен саз ыдыстарды күйдіретін пеш орны анықталды. Пеш солтүстік-шығыстан оңтүстік бағытында орналасқан бөлменің оңтүстік-батыс қабырғасына тақалып салынған. Бөлменің басым бөлігі I 6 шаршысында қалып отыр және солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс қабырғалары дренаж қазу кезінде алынып тасталғаны себепті нақты өлшемі алынбай отыр. Оңтүстік-батыс қабырғаның анықталған ұзындығы 4,17 м, ені 6 м, сақталған биіктігі 0,4 м. Оңтүстік-шығыс қабырғасының

анықталған ұзындығы 9 м, ені 0,9 м. I 6, J 6, K 6, L 6 шаршыларына жүргізілген қазба жұмысы толық аяқталмағаны себепті бұл бөлікте орналасқан құрылыс нысандары толық аршылып, қазылмады. Құмыра күйдіретін пеш орналасқан бөлменің оңтүстік-шығысынан сынған, жарамсызданған ыдыс қалдықтарын қоқыс тастайтын шұқыр анықталды. Шұқырдың жоғарғы жағы дренаж қазу кезінде бүлінген болуы мүмкін, нақты өлшемін алу мүмкін болмады.

Екі камералы, оттық және күйдіру камераларынан тұратын пеш формасы төртбұрышты, жалпы көлемі 2,2x2,2 м, биіктігі 1,6 м. Пеш құрылысына көлемі 21x31x0,8 см келетін қам кесек пайдаланылып, ішкі жағынан 3–5 см қалыңдықта жақсы иленіп дайындалған саз балшықпен сыланған. Пештің оттық бөлігі жерге қазылып орнатылған. Бұл өз кезегінде қызудың ұзақ сақталуына ықпалын тигізетіні белгілі. Пеш аузы шығыс қабырғада орналасқан. Пеш аузының жоғарғы жағы арка тәріздес, көлемі 48x40 см болса, төменгі оттық бөлігінің аузы кең, шамамен алғанда көлемі 50x60 см. Пештің күйдіру және оттық бөліктерінің арасын бөліп тұрған, жалын өтетін тесіктері бар көлбеу қабырғасы сақталмаған. Пештің солтүстік-батыс, оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс қабырғаларына жапсарластыра ені 32 см болатын, күйдірілетін ыдыс-аяқ қоятын текше орналасқан.

Ұзақ уақыт пайдаланылған пештің сылағы қатты жанған оттың әсерінен қызарып, қатайған. Қазба барысында анықталғанындай, пештің төбесі мен батыс бұрышының едәуір бөлігі дренажды қазу кезінде қатты бүлінген.

Пеш ішіне жинақталған кесек, қыш құландылары мен керамикалық ыдыс сынықтары аралас бос топырағын тазалау барысында еден деңгейінен, яғни, күл қабатынан 30 см жоғарыдан құланды қыштар арасынан араб баспасынан шыққан көлемі 10x20 см келетін кітап алынды. Кітаптың сақталған қалыңдығы 1,2 см. Мұқабасы көк түсті көнмен қапталған кітаптың сақталуы нашар, парақта-

ры бір-бірімен жабысып қалған, ашуға келмейді. Жазуы

оқылуға келетін бірінші бетінен «Біз мұндайлардан емеспіз» деген сөйлемнің жобасын ғана анықтауға мүмкіндік болды. Аталған кітапты алу үшін айналасы кеңейтіп қазылды. Кітаптың шығысынан құланды қыш астынан сақталуы өте нашар қатты бүлініп, жарамсыз күйде сақталған кітап анықталды. Бұл кітапты бүтін күйінде алу мүмкін болмады. Үстінен түскен ауыр салмақ нәтижесінде кітап парақтары майысып, қатты бүлінген. Пеш ішін тазалау барысында жоғарыда аталған екі кітаптан өзге көзеші құралы саналатын үш тағанды сипаялар мен беткі жағы дөңгелек, тегіс, қолға ұстар бөлігі төртқырлы, сүйір етіп ыдыс сыртын тегістеуге арнап жасалған үш дана құрал табылды.

Қазба салынған орыннан кездейсоқ табылып отырған коллекциялық бұйымдардан мыс бұйымдардан, атап айтқанда, қоқан және ресей патшасы дәуірінде соғылған мыс теңгелер мен бір дана мыс қалақтан өзге керамикалық бұйым өте аз мөлшерде алынды.

Қазба жұмысы нәтижесінде цитадель бөлігіндегі құрылыстарға 30x17x8 өлшеміндегі қам кесектердің қолданылғандығы белгілі болды.

Жоғарыда аталған шаршылардан патша кезеңіне жататын мыс монеталар, патша әскерінің түймесі (артқы бетінде «рига левиштейн» деген жазуы бар), қоқан фулустері және темір құман табылған болатын. Осы олжаларға қарап аршылған құрылыс нысандарын XIX–XX ғғ. мерзімдеуге болады.

Қазба жұмысы жүргізілген екінші бір орын цитаделдің оңтүстік шығысындағы цитадель орны болып табылады. Бұл жерде U 10–U 12, V 11, V 12, T 12, T 13, S 11–S 13 шаршылары қазылып зерттелді. U11, U 12, U13, V 11, V12 шаршыларында жүргізілген қазба жұмысы нәтижесінде бір-бірімен қиылысып жатқан екі көше анықталды. Көшелердің бірі оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталса, екіншісі солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағытталған. Осы көшенің бойынан

үш үй аршылды. Бұл үйлердің екеуі екі бөлмеден тұрса, біреуі екі жатын, бір шаруашылық және бір қоймадан тұрады.

Ал, S 11, 13 Т 12, Т 13 шаршыларынан төмендегі құрылыстар анықталып тіркелді. S 11 шаршысынан бес бөлмеден тұратын бір тұрғын үй аршылды. Мұндағы бір бөлме шаруашылыққа арналған, үш бөлме тұрғылыққа арналған. Бесінші бөлме жазғы асхана қызметін атқарған және айван түрінде төбе жабындысы бастырма түрінде жабылған. Тұрғын үй Т 12 шаршысынан аршылған тұрғын үй иелігіне параллель орналасқан және ауласы оңтүстік-шығысында болған. Сонымен қатар екі иелікке тиесілі аула ғана емес тұйықталған көше орны болған. Көше шығыстан батысқа қарай бағыттала келіп, екі тұрғын үй иелігінің ауласына тіреліп тұйықталған және оңтүстік бөлігіндегі кезінде қалалық мазарат болған дөңеске келіп тірелетін болған.

S 13 шаршысынан анықталынған тұрғын үй иелігі үш бөлмеден тұрады. Көршілес шаршылардан анықталған тұрғын үйлерге қарағанда сақталынуы біршама жақсы. Қабырғалардың ішкі беттерінің сылақтары сақталған, сондай-ақ сылақ беті әкпен ақталған. Қазба барысында екі құрылыс қабатынан тұратындығы анықталынды, яғни тұрғын үй орны құлағаннан кейін қайта тұрғызылған. Қайта тұрғызу барысында тұрғын үйдің жалпы жоспары өзгермеген, қайта үстіңгі бөлмелердің қабырғалары әкпен ақталған, терезе жақтаулары алебастрмен сыланған, сылақ бөліктері қазба барысында көптеп табылды.

Ал, Т 13 шаршысынан анықталынған тұрғын үй иелігі толығымен бұзылуға ұшыраған, тек қабырға негіздерінің сұлбаларын анықтауға мүмкіндік болды. Сақталынуы нашар болғандықтан ішкі архитектуралық құрылымы мен кейбір бөлмелердің қабырғалары анықталынбады. Сондықтан ішкі құрылымын басқа шаршыдан анықтаған архитектуралық құрылымдарын салыстыруға келмейді. Тұрғын үй иелігі жоспарда «Г» тәрізді және бөлмелер солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай қатар орналасқан. Аула шығыс бөлігінде болғандықтан бөлмелер

ауланы жартылай қоршай орналасқан. Қазба жұмысы бұл тұстағы құрылыстарға 30x16x7, 33x16x6 және 43x20x10, 40x20x10 өлшеміндегі қам кесектердің қолданылғандығын көрсетті. Сонымен бірге алынған археологиялық олжалар Цитаделдің оңтүстік-шығысындағы құрылыстардың XI–XII ғғ. және XIX–XX ғғ. жататындығын нақтылады.

Ағымдағы жылы «Мусалла» қақпасының батысындағы А 16 және В 16 шаршыларында да қазба жұмысы жүргізілді. Нақты айтар болсақ қазба салынған шаршы «Мусалла» қақпасының 80 м батысында орналасқан. Бұл орынның бір бөлігі 1992–1993 жылдары археолог Л. Б. Ерзакович тарапынан қазылған болатын.

Қазба жұмысы нәтижесінде майда тастардан нығыздалып тапталған орталық көше, қысыңқы дәліз, үлкен аула және төрт тұрғын үй анықталды. Аталмыш шаршыларды қазу барысында XVIII–XIX ғғ. тән сырлы және сырсыз керамика бөліктері алынды.

Жоғарыда келтірілген археологиялық деректер Күлтөбе қалажұртының цитадель, рабат бөліктерінен тұратындығын және де әзірге рабаттың қамалсыз екендігін көрсетті. Бұл жоспарлау мәнері Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың ортағасырлық қала-қоныстарында құрылыстың бір түрі болғандығын археологиялық деректер дәлелдейді.

Қалажұртта ашылған нысандардың жоспарлануына келер болсақ, цитаделдің қазір аршылып жатқан мәдени қабатындағы құрылыстардың ирек немесе түзу жолдардан және осы жолдардың бойына тұрғызылған түрлі бөлмелерден тұратындығы аңғарылады. Бөлмелердің пішіні негізінен төрт бұрышты болып келеді. Бірақ кейбір кезде конус пішінді бөлмелерде кездеседі. Бөлмелердің бұрыштары түрлі бағытқа қаратыла орналасқан сияқты. Сонымен бірге цитаделдің батыс бөлігінің діни жоралғылар өткізуге арналғандығын болжауға болады. Өйткені бұл жерде аршылған құрылыстардың басым бөлігі ортасында алтарь ошағы бар құрылыстар болып табылады. Бұлардың пішіні төртбұрышты немесе шеңбер тәрізді. Бұл

шеңберлі құрылыс цитаделде күмбезді құрылыстардың бар екендігін көрсетеді. Осы құрылыстар аршылған мәдени қабатта құрылыс материалы ретінде ағаш, кесек, пахса, тас және саман қолданылған. Құрылыстар болжам бойынша VIII–XII ғғ. жатады.

Күлтөбе қала жұртының цитаделінде аршылған XIX–XX ғасырға тиесілі үй-жайлар мен көшелердің жоспарлануы ерекше. Алынған археологиялық деректер XIX ғасырдағы үйлердің бір үлкен көшеге түйісетін тұйық көшелер бойында тізбектеле немесе топтаса жоспарланғандығын көрсетеді.

